

Әлемді
мейірім құтқарады
2-бет



Дербестік
декларациясы
5-бет



Қарағанды
брендті –
көпке үлгі
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 24 ҚАЗАН, 2024 ЖЫЛ №120 (23 442)

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Құрметті қарағандылықтар!

Сіздерді Ұлттық мереке – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

1990 жылғы 25 қазанда Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды. Бұл құжат еліміздің тарихында оның одан әрі даму жолын айқындайтын жаңа кезеңнің негізін қалады. Ең бастысы біз мемлекеттілігімізді нығайтуға мүмкіндік алдық. Осы уақыт ішінде біз экономиканы, әлеуметтік саланы дәйекті түрде дамытып, азаматтарымыздың өмір сүру деңгейін жақсарттық. Еліміз қол жеткізген бұл жетістіктердің ішінде Қарағанды облысының да үлесі қомақты. Біздің әрқайсымыз өз еңбегімізбен Тәуелсіз Қазақстанның болашағын құруға атсалысудамыз.

Бүгінде облыста мектептер, ауруханалар мен тұрғын үйлер белсенді салынууда, инфрақұрылым жаңартылып, шағын және орта бизнес дамуда. Экономикамызға инвестициялар тартылып, жаңа жұмыс орындары құрылуда. Мұның бәрі біздің бірлігіміз бен тұтастығымыздың арқасында мүмкін болды.

Құрметті жерлестер, сіздерді Республика күнімен құттықтай отырып, шаңырақтарыңызға шаттық, бақ-береке тілейміз. Еліміз сүлдене берсін!

Е.БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі
Н.КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

«Азаттықтың алтын қазығын қакқан күн»

Егемен ел болудың іргетасы күйіліп, Егемендік туралы Декларация қабылданған күн – қазақ елінің жаһанға тәуелсіздігін жария еткен тарихи күн. Жер шарының бетінде қазақ деген ұлттың салтанат құрған кезені сонау бір кеңестік кері кеткен кереуауақыт сана атаулыдан сыналап шығаруға тырысқанымен, күн шықпаймын десе де, тәуелсіздік таңы атпай қоймайды. Әлемнің алып саяси картасында тәуелсіз қазақ мемлекеті Көк Байрағын көкке көтерді. Бүгінгі Қазақстанның сыртқы хәм ішкі саясаттағы жеткен жетістіктері осы күннен басталатынын бір пенде жоққа шығара алмайды. Күні кеше Ақордада өткен салтанатта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарды ұлттымыздың ең ұлық мерекесімен құттықтап, «Бұл – азаттықтың алтын қазығын қакқан күн» деді. Президент еліміздің Егемендігі туралы Декларация қабылданған күнді қасиетті Тәуелсіздігіміздің бастауына балады. Сонымен қатар, даму жолындағы жоба-жоспарлар да салтанатта тағы бір мәрте жария етіліп, пысықталды. Ал, ел экономикасына, мемлекеттің мәдени-рухани өміріне ерен үлес қосқан жекелеген азаматтар мемлекеттік наградалармен марапатталды. Елдік пен ерліктің қадірін түйсінуге үлестеріңізді елдің еңсесін көтеруге еңбегіңізді аянып қалмаған қазақстандықтарға құрмет көрсету дәстүрге айналғаны шын.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақ елінің бүгінгі бейбіт күн мен пәтуалы тұрмысқа жеткізген селкеусіз сенім мен үкілі үміт екені сөзсіз шындық. Елдің даму жолында кездескен кедергілерді бірлік пен ымырасыз ынтымақ жеңіп келді. Мемлекет басшысы өз сөзінде болашаққа сеніммен қарайтын ұлт қана табысқа жете алатынына назар аударып, өмір болған соң түрлі қиындық та кездесетініне тоқталды. Соның бірі биылғы су тасқыны еді.



– Еліміз таңдаған даму жолынан ешқашан айнымайды. Мұны биылғы табиғи апат кезінде тағы да дәлелдедік. Алапат тасқын, шын мәнінде, еліміз үшін зор сынақ болды. Қаншама елдімекенді қарғын су басты. Қазақстанның 10 аймағында төтенше жағдай жарияланды. Мыңдаған адам баспанасыз қалды, мал-мүлік жоғалтты. Күрделі сәтте менің халыққа арнайы үндеу жариялағанымды білесіздер. Онда бір де бір адам ескерусіз қалмайтынын нақты айттым. Мемлекет сол уәдесін орындады, – деді Президент.

Осы орайда, Қасым-Жомарт Тоқаев «Мұның бәрі қоғамның бірлесе атқарған жұмысының нәтижесі» деді. Аталған апат салдарын жоюға атсалысқан құтқарушыларға, ерік-тілерге, кәсіпкерлерге және басқа да жанашыр қазақстандықтарға жүрек-жарды алғысын жеткізді.

Бұдан бөлек, салтанатты жиында Қазақстанда саяси жаңғырулар тұрғысында қалау-қалау реформалар жүргізілгені де айтылды. Осы реформалардың нәтижесінде мемлекеттің демократиялық даму бағыты айқындалғанына тоқталған Президент биліктің негізгі институттары қайта

құрылымдалғанын, орнықты саяси жүйе қалыптасқанын атады. Мемлекет басшысының айтуынша, осы құндылықтар елдің қоғамдық-саяси өміріндегі іргелі өзгерістерге ықпал етсе керек. Бұған жақында өткен АЭС салуға қатысты референдум мысалға алынды. Мұнда ел азаматтарының 70 пайыздан астамы қолдау білдіргені халық тағдырына қатысты сәтте «Түрлі көзқарас, біртұтас ұлт» қағидатының мәнін көрсеткенін атап өтті.

Сондай-ақ, Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдарына сәйкес елдің көлік, энергетика және индустрия жүйесі қайта құрылып жатыр. Осы ретте Қасым-Жомарт Тоқаев биылдың өзінде ұзындығы 12 мың шақырым жол салынып, жөнделіп жатқанын еске салды. Әсіресе, аймақтардағы жолды жақсартуға баса назар аударылғаны жасырын емес. Экономиканы әртараптандыру бағытында да толымды жұмыстар баршылық. Тың жобалар елдің әр аймағында жүзеге асуда. Атап айтқанда, биылғы 8 айда өңдеу өнер-кәсібінің экспорты 17,8 миллиард доллардан асқан. Оған қоса, ауыл шаруашылығының дамуы да қаперде.

Бұл – азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан айрықша маңызды сала. Қазақстан әлемдік азықтүлік нарығындағы ролін күшейте береді. Қазір күзгі жиын-терін науқаны аяқталып қалды. Дикандар қауымына шынайы ризашылық білдіремін. Көктемгі тасқынға қарамастан 26 миллион тоннадан астам астық жиналды. Мұны рекордтық көрсеткіш деуге болады. Бұған мемлекет тарапынан көрсетілген нақты көмек те септігін тигізгені анық, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ел дамуының драйверіне айналуы тиіс шағын және кәсіпкерліктің де тынысы кеңеюі үшін мемлекет тарапынан қолдау зор. Мәселен, бүгінде бизнес елдің басым бөлігін жұмыспен қамтып отыр.

Мұның сыртында, технократ ұлт болуы үшін де ғылым мен техникаға да баса көңіл бөлінуде. Сол себепті де Президент келесі жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялаған еді.

– Бұл – уақыт талабы. Келер жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияладық. Біз техникалық және кәсіптік білім беруге баса мән беріп отырмыз. Биыл осы



салаға арналған мемлекеттік тапсырысты едәуір көбейттік. Грант санын 10 мыңға арттырдық. Мемлекеттік тапсырыстың 65 пайызы техникалық мамандықтарға бөлінді. Мұның бәрі бәсекеге қабілетті озық ұлт болуымыз үшін өте маңызды деп ойлаймын, – деді Президент.

Президент бір-бірімізді қолдап, биік мақсаттарға ұмтылатын бірлігімыз ел болсақ, көк паспорттымыз да мықты әрі қуатты болатынын айтты.

– Бір-бірімізге тілектес болайық, өзара құрметпен қарайық, қадірлейік. Кез келген қиындыққа қарсы тұрып, ел үшін, жер үшін бірге еңбек етейік. Халқы – біртұтас, болашағы – жарқын Әділетті Қазақстанды бірге құрайық. Азаматтарымыз барлық салада әрдайым әділдік болғанын қалайды. Ол үшін әркім әділдікті, ең алдымен, өзінен бастауы керек. Сонда қоғам да, бүкіл мемлекеттік жүйе де әділ болмақ, – деді Мемлекет басшысы.

Салтанатты жиынды түйіндеген Президент ұлық мейрам – Республика күніне орай елімізді дамытуға орасан зор үлес қосып жүрген бір топ азаматқа жоғары наградаларды және Мемлекеттік сыйлықты салтанатты түрде табыстады. Бұл мәртебіл марапат алғандар қатарында қарағандылықтар да бар.

«Қазақстанның Еңбек Ері» атағын «Шахтерское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры **Георгий Прокоп** алды. С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театрының актері **Қайрат Кемаловқа** «Парасат» ордені табысталды.

«Қазақстанның Халық әртісі» құрметті атағы **Кенес Жұмабековке** бұйырды. «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» атағы Қарағанды облыстық клиникалық ауруханасының дәрігері **Борис Пхайга** берілді. Сонымен қатар, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы әнші **Сержан Мұсайынға** табысталғанын айта кеткен жөн.

Топарлықтарға тарту

Абай ауданының Топар кентінде заманауи дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылды. Жап-жаңа спорт нысаны ұлттық мейрам қарсаңында топарлықтарға тарту болды. Бұған дейін жергілікті халық бірнеше рет спорт сарайын салуды өтініп, ашылуын асыға күткен еді.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Спорт кешенінің ашылу салтанатына арнайы барған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев әуелі абайлықтарды келе жатқан қастерлі мейраммен құттықтады.

– Президент өз Жолдауында бұқаралық спортты дамыудың маңыздылығын тағы да атап өтті. Біздің өңірде бұл бағыттағы жұмысты белсенді деуге болады. Жыл сайын бізде спорт нысандары көбейіп келеді. Абай ауданындағы Топар кентінің тұрғындары бұл кешенді көп күтті. Міне, мереке қарсаңында, тарихи сәтте



сол нысанның лентасын қидық. Енді осы жерден туымызды биікте желбірететін чемпиондар шыға берсін! – деп ізгі құттықтауын жолдады аймақ басшысы.

Барлық инженерлік инфрақұрылым қосылған. Мұнда

спортпен шұғылдану үшін қажетті спорт жабдықтарының бәрі бар.

Күрес залы, бокс залы, жаттығу залы, жаттықтырушылардың жұмыс бөлмесі. Кешенде жаттығудан бөлек, шеберлік сабақтары мен жарыстар өтеді. Мұнымен

қоса, алдағы уақытта түрлі секциялар ашу жоспарланып отыр.

Енді ауыл жастары емін-еркін футбол, волейбол, баскетбол, күрес, үстел теннисі сынды спорттық ойындармен айналыса алады.

– Біздің кентте 10 мыңнан аса

адам тұрады. Оның 30 пайыздан астамы спортпен белсенді түрде шұғылданады. Спорт кешені толығымен жабдықталған. Медициналық пункт, спортшылардың демалыс бөлмесі, түрлі спорт залдар, әдіскерлер кабинеті бар. 18 жасқа дейінгі спортшылар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға спорт секциялары тегін. Ал студенттерге 50 пайыз жеңілдік қарастырылған, – деді спорт ғимаратының меңгерушісі Галия Мәлікқызы.

Топар кенті әлемдік аренада елді әйгілі еткен спортшыларымен кенінен танымал. Атап айтатын болсақ, паралимпиадалық жүзуші Андрей Афанасьев, ауыр атлет Данияр Сейменов, пауэрлифтер Қайрат Исжанов, полиатлоншы Әмірлан Имашев секілді байрақты бөсекелерде топ жарып жүрген спорт саңлақтары бар. Енді жаңа спорт кешенінде жаттығып жүрген жастар күні ертең спорт жұлдызы атанып жарқ етіп шығады.

– Мен қазақ күресімен жеті жыл айналысамын. Жасым 14-



те. Осы спорт кешенінің ашылып жатқанына біз өте қуаныштымыз. Енді біз аптасына екі рет қана дайындалып қоймай, жиі жаттығатын боламыз. Жаңа спорт сарайын салып берген аймақ басшыларына үлкен алғысымызды айтамыз. Алдағы уақытта елдің және әлемнің чемпионы боламыз деп үміттенеміз, – дейді Нұртөре Еренғайып.

Жалпы, Абай ауданында бұқаралық спорт қарқынды дамып келеді. Бүгінгі күні 113 спорт нысаны жұмыс істейді. Жыл соңына дейін Абайда бокстан екі ірі республикалық турнир өткізу жоспарланған.

Абай ауданы Топар кенті
Суретті түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 524.28

•USD/KZT 484.19

•RUB/KZT 5.03

•CNY/KZT 68.00

Қазақстан Ұлттық Банкінің 23 қазан, 2024 жылғы дерегі бойынша



• САЛТАНАТ

«Әлемді мейірім күтқарады»

Әлеуметтік қызметкер тек мамандық емес, бұл – ізгілік пен мейірімнің көрінісі. Себебі, ол жүрек қалауымен ғана атқарылатын үлкен сауапты іс. Күн сайын мұқтаж жандарға қолдау көрсетіп, олардың өмірге деген үмігін қайта жалғау, қиындықта демеу болу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Сондықтан, қазан айының соңғы жексенбісінде елімізде Әлеуметтік қызметкерлер күні аталып өтіледі. Бұл – үлкен жүрек өкілдеріне деген құрмет белгісі.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»



Мереке қарсаңында аймақтағы үздік деген әлеуметтік қызметкерлер құрмет төрінен табылды. Облыс әкімінің арнайы сыйлығы салтанатты түрде табысталды. Шағаға қатысқан облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев халықты әлеуметтік қорғау саласы қашанда мемлекеттік саясаттың басым, әрі маңызды бағыттарының бірі болып қала беретінін айтты. Әлеуметтік қорғау жүйесінің қызметкерлеріне және үкіметтік емес ұйымдары мен белсенділерге алғысын білдірді.

– Бүгінде облыста 55 мыңнан астам мүгедектігі бар адам өмір сүруде. Барлық өңірде инвентаризация қызметінің аясы кеңейіп келеді. «Теп Қоғам» әлеуметтік бейімдеу орталығы төрт өңірде жұмыс істеп жатыр. Кресло-арбаларды жөндеу бойынша жана жоба іске асуда. Әлеуметтік кодекс аясында ментальді ауытқулары бар балалар санаторий-курорттық ем алуға мүмкіндік алды.

Облыста көпбалалы және аз қамтылған отбасыларды қолдаудың он орталығы құрылып, жұмыс істеуде. 72 арнайы әлеуметтік қызметкер көрсету орталықтарында 9 мыңға жуық адамға қызмет көрсетіледі. Мемлекеттің қолдау шара-

ларын жүзеге асыруда әлеуметтік қорғау саласы қызметкерлері мен үкіметтік емес ұйымдардың сіңірген еңбектері орасан зор, – деді Ермағанбет Қабдулаулы.

Әлеуметтік сала қызметкерлері бірнеше аталым бойынша марапатталды.

«Үздік әлеуметтік қызметкер» аталымында Балқаш қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің әлеуметтік қызметкері Мереке Каримова үздік деп танылды.

Мереке Әнуарбекқызы әлеуметтік салада 27 жыл еңбек етіп келеді. Ол мүгедектігі бар балаларға үйден көмек көрсетеді.

– Балаларға әбден үйреніп қалдық, – дейді ол. – Барған кезде балалар да қуанып, «апалап» қарсы алады. Бізді отбасының бір мүшесіндей көреді. Әр әлеуметтік қызметкердің қарауында алты баладан бар. Қазір ерекше қажеттіліктері бар балалар көп. Ондай балалардың қоғамның толыққанды мүшесі болып кетуіне еңбек етеміз. Бұл балаларға қандай да бір көмегі тиіп жатса, еңбегіміздің ақталғаны. Балалардың кішкентай да болса нәтижесін көрсем қатты қуанамын. Мені ынталандыратын да осы – балалардың жетістігі.

Шара барысында «Арнайы әлеуметтік қызметкер көрсететін үздік үкіметтік емес ұйым» номинациясында «Мир добра» қоғамдық бірлестігі марапатталды. Қоғамдық бірлестік қызметкерлері мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде жүзден астам әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асырды. Сонымен бірге, екі грант ұтып, іске асырып жатыр. Оның негізінде жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз, сондай-ақ, қараусыз қалған балалармен жұмыс істейді.

Салтанатты шарада «Арнайы әлеуметтік қызметкер көрсету орталығының үздік қызметкері», «Белсенді өмірді насихаттағаны үшін», «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің үздік қызметкері», «Мұқалмас жігер», «Маман-



дығына адалдығы үшін» номинацияларда жеңімпаздар анықталды. Марапаттарды облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов, облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы Жәнібек Садықанов, облыс әкімінің мүгедектігі бар адамдардың мәселесі жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі Нияз Сүндеталиев табыстады.

Бұқар жырау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ардагерлермен және мүгедектермен жұмыс секторының бас маманы Оксана Есенбекова «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің үздік қызметкері» номинациясының лауреаты атанды.

– Менің басты міндетім – бізге көмек сұрап келген адамдармен жұмыс істеу. Біз қамқорлық бірдіріп, келген әр адамға

назар аудару білуіміз керек. Келгендерден алғыс алсам, қуанамын, бұл – менің жұмысым үшін ең жақсы сыйлық. Маған мамандығым ұнайды, мен осы қызметте 17 жыл істеймін. Бүгінгі марапат – бұл жақсы жұмыс істеуге және адамдарға жақсылық әкелуге ынталандыру, – дейді Оксана Есенбекова.

Сала ардагерлері де сыйлықтарға ие болды. Ұйымдастырушылар аға буынның тәжірибесі мен білімі жас ұрпақ үшін құнды екенін алға тартады.

Шара барысында мемлекеттік қолдаудың арқасында өз ісін аша алған грант алушылардың өнімдерінің көрмесі ұйымдастырылды.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Дамудың сыры – бірлікте

Ұлттық мереке қарсаңында Достық үйінде «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» облыстық форумы өтті. Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшелері, этно-мәдени бірлестік басшылары қазақ тілін меңгерудің жаңа кеңістіктері тақырыбында әңгіме өрбітті.



Аялым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Форумның Республика күні қарсаңында өтуі де кездейсоқтық емес. «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» форумы бізді біріктіретін күш, мемлекеттік саясаттың басты өзегі – бірлік екенін айқындап тұр. Баршаның да мерекесімен құттықтаймын! Халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын айшықты мерекесіне тыныштық, береке-бірлік, табыс тілеймін.

Достық үйі – бірлік пен ынтымақ ұясы. Ассамблеяның әрбір жобасы Қазақстан халқының бірлігін нығайтуға бағытталған. «Дамудың сыры – бірлікте, табыстың сыры – тірлікте» дейді дана халқымыз. Татулық пен бірлігіміз бекем болсын. Форумның мақсаты – мемлекеттік тілді қазақстандық этностардың қатынас құралына айналдыру болса, дәл бүгін бұл мақсат толықтай жүзеге асты, – деді облыстың ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Биқенов.

Форум жүргізушісі «Қазақстан» ұлттық арнасының тележурналисі Алла Гаврина «Өзекті тақырыпта форумды жүргізу үшін арнайы шақырту алғанымға қуаныштымын. Ұлттың орыс болса да, қазақтың тілін, тарихын, салт-дәстүрін ерекше құрметтеймін» деді.

Форумда «Мәміле» кабинетінің оқытушысы Сергей Зорин клуб жұмысымен таныстырды.



Ғылым, оның ішінде мемлекеттік тілді дамыту саласына үлес қосып жүрген Астана қаласынан арнайы келген филология ғылымдарының докторы, Назарбаев Университеті, қазақ тілі және түркі зерттеулері кафедрасының меңгерушісі, профессор Юлай Шамиль-оглы сөз алды.

– Тіл тағдыры – ұрпақ тағдыры, ұрпақ тағдыры – ел тағдыры. Біз әлем таныған ел болу үшін тіліміздің мәртебесін биіктетугіміз керек. Мемлекеттік тілді дамытып, қолдану аясын кеңейткен жөн.

Бүгінде қазақ тілін үйрену мәселесі еш қиындық тудырмайды. Тілді үйрену керек. Себебі, халықтың мәдениеті мен өнерін

тыңдау, зерттеу тілді түсінуге және қабылдауға ықпал етеді, – деді Юлай Шамиль-оглы.

Достық үйі жанында көптеген жылдар бойы қазақ тілін үйрену курстары жұмыс істейді. Ассамблея жанынан құрылған «Мәміле» клубының оқытушысы Ольга Тим форум жұмысына қатысып, тіл оқытудағы ерекше әдіс-тәсілдерімен бөлісті.

– Балаға тіл үйретуді жастайынан қолға алу керек. Ұлттық тілді адам бойына дарыту отбасынан, одан кейін өсіп-өнген ортасынан бастау алатыны белгілі. Биыл Достық үйінің бастамасымен «Балақай ТВ» жаңа жобасы іске асты. Балабақшаға баратын балақайлардың тәтті тілдері арқылы



ұлттық тіл, мәдениет, салт-дәстүр насихатталуда. Әрбір шығарылымы көпшіліктің көңілінен шығып, қаралым жинауда. Тілге құрмет балабақшадан бастау алуы керек. Осындай қағиданы басқа балабақшаларда да ұстанады, – деді Ольга Тим.

Форумға қатысушылар бүгінде балабақшаларда Ассамблея бұрышы құрылғанын атап өтті. Осы орайда жақында Қарағандың «Балақай» балабақшасында түсірілім болып, жас бүлдіршіндердің бойында ұлттық құндылықтарды дәріптейтін ордаға айналғанын еске салды.

Сондай-ақ, қазақ тіліндегі шығармаларды орындауға бағытталған іс-шаралар, байқаулар тілді білуге, оны үйренуге ықпал ететініне тоқталды. Бұл орайда Достық үйінде жыл сайын әртүрлі форматта өтетін «Мың бала», «Өнерім саған, Қазақстан!» жобалары көрермен көзіайымына айналып үлгергенін айтқан жөн.

Форумда Алаш ардақтысы, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына орай «Сырлы Сәкен» байқауындағы «Сәкеннің сері әндері» аталымының жеңімпазы Бұқар жырау ауданынан келген Алена Виктория өнер көрсетті. Сондай-ақ, Пәкістанда туып-өссе де қазақ халқының тіліне, мәдениетіне қызығушылық танытып, өмірін осы арнаға бұрған Лина Чаудари Тәттібет атындағы Қарағанды өнер колледжінің қобыз бөліміне оқуға түскенін мақтанышымен бөлісті.

– Қазіргі таңда мемлекеттік тілді жетік меңгерген өзге ұлт өкілі жаңалық емес. Оның дәлелін күнделікті өмірде барлық салалардан кездестіріп жүрміз. Білім беру, спорт, медицина, кәсіпкерлік, өнеркәсіп тағы да басқа әртүрлі салалардағы патриоттық рухы жоғары қаншама азаматтар соның айқын дәлелі, – деді Лина Чаудари.

Еркін диалог форматында өткен форумда өмірлік ұстанымы мықты жастар сөз алып, тәжірибесімен бөлісті. Көпке үлгі болған олар ұлт пен ұлысқа бөлінбей ортақ шаңырақ астында татулықты ту ететініне сенім білдірді.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Ауылға ауыз су келді



Республика күні қарсаңында Бұқар жырау ауданындағы Астаховқа ауылында орталықтандырылған су құбыры іске қосылып, ауылға ауыз су берілді.

Жалпы, 300-ге жуық адам тұратын бұл елді мекеннің тұрғындары ауыз суды 30 жылдан астам уақыт сыртта бір шақырым жерде ағып жатқан бұлақтан тасып ішкен болатын. Енді «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасының шеңберінде көздері ашылып, ол бейнеттен құтылды.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Су құбырын салу жұмыстары өткен жылы басталып, осы айтулы мереке алдында аяқталды. Сол кезең ішінде мамандар ұнғымаларды бұрғылап, қажетті жабдықтарды орнатып, елуге дейінгі көшелерге су құбырларын тартқан.

Бұл жаңалықты ауыл тұрғындары қуана қабылдады. Солардың бірі Жаннат Балбекова:

– Мен Астаховқада 50 жылдан бері тұрамын. Ауылдан жастарымыздың көбісі көшіп кеткен. Біз сияқты зейнеткерлерге қашықтағы бұлақтан су әкелу оңай болған жоқ. Ақыры армандаған су құбыры салынғанына қуаныштымын. Келесі кезекте ауылымыздың көше жолдары асфальтталды деп жоспарланғаны. Сөйтіп, жағдайымыз біртіндеп жақсара беретініне сенеміз, – дейді.

Ал, 24 жастағы Арман Әлімов те бұл пікірді қостап:

– Өткен жылы бізге су құбыры салынатынын айтқан кезде оған бәріміз күмәнмен қарағанымыз рас. Бірақ, уәде етілгендей, оның құрылысы 2023 жылдың жазында қолға алынып, осы мереке алдында тәмамдалып отыр.

– Осы ауыз судың жоқтығынан ауылымыздан бірталай адамның көшіп кеткені жасырын емес. Енді осыдан кейін бұл жерге жаңадан қоныс аударушылар келіп, орналасады деп ойлаймын, – деген еді.

Бұқар жырау ауданы
Сурет
ұйымдастырушылардан

Бағаланған еңбектен асқан бақыт жоқ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қоғам өміріне өзіндік өрнек салған жандарды ешқашан елесіз қалдырған емес. Ұлттық мереке Республика күні қарсаңында қоғам тынысына сүбелі салым қосқан алуан түрлі кәсіп иелерінің мерейі артып, мейманасы тасыды. Жиынтықтайық.

Ерқанат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мұғалім мәртебесі

Президент мұғалімдердің мәртебесін дәйекті негізде күшейтуде. Мәселен, Биыл Республика күні қарсаңында Тауелсіз Қазақстан тарихында тұңғыш рет бірден қос мұғалім ең жоғары мемлекеттік наградаға ие болды. «Қазақстанның Еңбек ері» атағын Гүлжанар Нұрпейісова (62 жаста, Алматы қаласындағы Н.Островский атындағы зағиптар мен нашар көретін балаларға арналған №4 арнайы мектеп-интернатының математика мұғалімі) және Эльмара Трансова (57 жаста, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласындағы А.Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясының орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі) еншіледі. Жалпы еліміз бойынша 137 педагог мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев мұғалімдер мәртебесін көтеру мәселесіне ерекше назар аударып келеді. Бұл бағыттағы реформалар мен шаралар білім сапасын жақсартуды, педагогтардың еңбегін лайықты бағалауды, оларға қолайлы еңбек жағдайларын жасауды көздейді. 2019 жылы қабылданған «Педагог мәртебесі туралы» заң осыған дәлел. Бұл заң мұғалімдердің құқықтарын кеңейтіп, әлеуметтік кепілдіктерін нығайтты, жалақыны арттыруға септігін тигізді.

Осылайша Мемлекет басшысының пәрменімен мұғалім еңбеккеріне бірнеше рет көтеріліп, жүктемесі жеңілдеді. Қ.Тоқаев білім беру саласында педагогтардың біліктілігін арттыру, олардың қоғамдағы ролін нығайту мақсатында тиісті жұмыстарды жалғастыруды тапсырды. Сонымен қатар, ауылдық жерлердегі мұғалімдерді қолдау және білім беру инфрақұрылымын жақсарту мәселелері де күн тәртібінен тыс қалмақ емес.

Еңбегімен еңселі

Мемлекет басшысы соңғы жылдары еңбек құндылықтарын ілгерілетуге әрі жұмысшы кәсіптерінің, оның ішінде, өндірістердің мәртебесін арттыруға ерекше назар аударып отырғанын байқауға болады. «Қазақстанның Еңбек ері» атағына Георгий Проккоп (74 жаста, Қарағанды облысы) ие болды. Айта кету керек, жыл сайын мемлекеттік наградалармен марапатталған жұмысшы мамандықтардың саны артып келеді. Еліміз бойынша 450-ден астам адам. Бұл атаменімізде сөзбен емес, іс жүзінде еңбек пен кәсібиліктің құндылықтары алға жылжып келе жатқандығының тағы бір айқын айғағы.

Президент келесі жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялады.

— Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау — айрықша өзекті мәселе. Бұл — экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет кадам. Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын дәріндеу арқылы қоғамда еңбеккер және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз. Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат — Адал еңбек — Адал табыс» қағидатына толық сай келеді. Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбеккерлік, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан біз еңбек



адамының мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтайды, жалғаса береді, — деп қадап айтты Мемлекет басшысы.

Ғалымдар — қоғамның шамшырағы

Мемлекет басшысы ғалымдар мәртебесін көтеру және елдегі ғылым мен білім беруді дамыту бойынша дәйекті шараларға бастамашылық жасап келеді. Ғылыми зерттеулерге қосымша қаржы бөлінеді, жас ғалымдарға арнайы гранттар тағайындалды, әлемнің жетекші университеттері мен өндірістік орталықтарында ғылыми тағымдамалар саны артты. Биыл мемлекеттік наградалармен марапатталғандардың арасында көптеген педагогтар мен ғалымдар бар. Мысалы, «Қазақстанның Еңбек ері» атағына Асқар Жұмаділдаев (ғалым), екі мұғалім: Гүлжанар Нұрпейісова және Эльмара Трансова, «Құрмет» орденімен Жақсылық Сәбитов (тарихшы) ие болды. 80-нен астам ғалым марапатталды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ғалымдарға қолдау көрсетуге ерекше көңіл бөліп келеді. Ол ғылым мен технологияларды дамыту елдің ұзақ мерзімді дамуы үшін маңызды екенін бірнеше рет атап өтті. Президент Тоқаев өз Жолдауларында және басқа да ресми мәлімдемелерінде ғылыми зерттеулерге инвестициялар тартуды, ғалымдардың жалақысын көтеруді, олардың еңбек жағдайларын жақсартуды және жас ғалымдарға қолдау көрсетуді тапсырған болатын.

Мысалы, 2022 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында ол ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды арттыру қажеттігін және ғылымды басқарудың жаңа жүйесін енгізу керек екенін айтты. Сонымен қатар, жас ғалымдарға арналған арнайы гранттар мен зерттеу бағдарламаларын дамыту да ұсынылған болатын.

Президент ғалымдарға халықаралық ғылыми қауымдастықтармен байланыс орнатуды және инновацияларға, озық технологияларға негізделген жаңа идеяларды дамытуға ынталандыруды қолдайды.

Тұлға тұғыры

Марапатталғандардың арасында ерекше болмысымен дараланған белгілі тұлғалар бар. Олардың ішінде шығармашылық зиялы қауымның көрнекті өкілдерін атап өтуге болады. Мысалы, I дәрежелі «Барыс» орденімен Сержан Шәкірат (күйші), Нұрлан Өнербаев (әнші), «Құрмет» орденімен Самал Еслямова (актриса), Саят Медеуов (әнші), Досымжан Таңатаров (әнші) марапатталды. Биыл Әлібай мен Сауле Бапановтар,

Жанұзақ Мүсәпір Абай атындағы әдебиет және өнер саласындағы мемлекеттік сыйлықтың иегерлері атады.

Қазақ мәдениетінде тұлға ұғымы ерекше қастерлі. Әуел баста тұлға деп халықтың рухани өмірінде, тарихында, әдебиеті мен мәдениетінде өшпес із қалдырған адамдарды атайды. Халқымызда тұлғаға құрмет көрсету терең тамырланған дәстүр, ол халықтың өз елінің тарихын, салт-дәстүрін, мәдениетін қастерлеумен етене байланысты. Тұлғаларды құрметтеу арқылы қазақ халқы өзінің ұлттық рухын, тарихи жадасын және құндылықтарын сақтап, кейінгі ұрпаққа аманат етіп жеткізеді. Қазақтар үшін тұлға дегеніміз — тек батырлар мен билер, ақындар мен ойшылдар ғана емес, сонымен қатар, елге еңбегі сіңген ұстаздар, ғалымдар, өнер қайраткерлері де бар.

Байырғы дәстүр жолымен

Биыл еңбек әулеттерін мемлекеттік наградалармен атап өту дәстүрі жалғасуда. Бұл жолы теміржолшылар, өндірісшілер әулетінің өкілдері марапатталды. Сондай-ақ, біз соңғы жылдары кәсіби мерекелер анағұрлым белсенді әрі кеңірек атап өтілетінін аңғарамыз. Мұның бәрі — қоғамда еңбек адамының беделі артып келе жатқанының жарқын көрінісі. Осы жылы мемлекеттік наградалармен Біржан Қапышевқа (43 жаста, Пойыздар қозғалысы қауымдастығының кәсіби маманы), темір жол саласы әулетінің жалпы өтілі 826 жыл, Алматы қаласы), Марат Баймұлдинге (62 жаста, Ақтөбе феррокорыпта зауытының балкыту цехы пешінің бригадирі, өндірістік сала әулетінің жалпы өтілі 300 жылдан астам), Кеңжегазы Бекмағанбетовке (76 жаста, еңбек ардагері, Жаңаарқа станциясы бойынша Қарағанды жол бөлімшесінің Вторчермет пунктін бастығы, темір жол саласы әулетінің жалпы өтілі 149 жыл), Александр Богданға (61 жаста, «Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі» АҚ балкыту цехының дозалашысы, өндірістік сала әулетінің жалпы өтілі 128 жыл) және басқаларына берілді.

Еңбек әулеттері — бірнеше буын бойы бір кәсіппен айналысқан, отбасылық еңбек дәстүрін сақтап келе жатқан отбасылар. Қазақ дүниетанымында еңбек әулеттері ерекше құрметке ие, себебі олар еңбекке деген құрметті, кәсіби шеберлікті және ұрпақтар сабақтастығын бейнелейді. Мұндай әулеттер көбінесе ауыл шаруашылығы, ұстаздық, дәрігерлік, инженерия, өнеркәсіп, әскери қызмет және басқа да салаларда еңбек етеді. Бірнеше буыннан бері бір

кәсіпті жалғастырған әулет өкілдері өз істеріне адалдық танытып, кәсіби тәжірибелерін балаларына, немерелеріне аманат етіп қалдырып отырады.

Еңбек әулеттері — еңбек мәдениетіміздің мызғымас бөлшегі. Олардың тәжірибесі мен құндылықтары тек отбасы ішінде ғана емес, жалпы қоғамда да жоғары бағаланады. Қазақстанда мұндай еңбек әулеттерін қолдау және насихаттау мақсатында арнайы конкурстар, марапаттар ұйымдастырылады. Мысалы, «Еңбек жолы» байқауы еңбек әулеттерін анықтап, олардың жетістіктерін елге таныту үшін өткізіледі.

Ел тұтастығы үшін

Мемлекет басшысы этносаралық келісімді нығайту мәселелеріне ерекше назар аударады. Президент бастамасымен өткен жылдан бастап «Ел бірлігі» орденімен ұлт бірлігін нығайту, қоғамдық келісімді қамтамасыз ету жолындағы жемісті еңбек сіңірген азаматтар марапатталады. Биыл Мемлекет басшысы Азиз Әлиевті, Сергей Вешнякті, Салман Героевты, Александр Баронды аталған орденмен марапаттады.

Иә, Қазақстандағы этносаралық ынтымақ — еліміздің қоғамының маңызды негіздерінің бірі. Қазақстан халқы түрлі этностар мен мәдениеттердің өкілдерінен тұрады, бұл елдің мәдени алуандылығын, байлығын және тарихын көрсетеді. Этносаралық ынтымақтың негізі ретінде Қазақстанда бірнеше маңызды аспектілерді атап өтуге болады. Тарихи контекст тұрғысында Қазақстан аумағы көп ғасырлар бойы түрлі халықтардың, ұлттардың ұйысқан жері болды. Бұл тарихи жағдай елде этносаралық ынтымақтың қалыптасуына ықпал етті. Қазақстан Республикасының Конституциясы барлық азаматтардың құқықтарын, соның ішінде этникалық және мәдени құқықтарын қорғауға бағытталған. Бұл әрбір этностың өз мәдениетін, тілін және дәстүрлерін дамытуға мүмкіндік береді.

Қазақстанда «Халықтар достығы» тұжырымдамасы маңызды рөл атқарады. Бұл тұжырымдама елдегі әртүрлі этностар арасындағы келісімді, өзара түсіністікті және ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған. Қазақстан халқы Ассамблеясы — еліміздегі этносаралық қатынастарды реттеуге, мәдениетаралық диалогты дамытуға және этникалық топтардың құқықтарын қорғауға бағытталған ұйым. Ассамблея түрлі этникалық топтардың мүдделерін бірлесіп қорғауға мүмкіндік береді. Түрлі этностардың мәдениетін таныту, тілдерін оқыту, ұлттық мерекелерін атап өту бойынша көптеген шаралар ұйымдастырылады. Бұл

этностардың мәдени байлығын сақтап, жастар арасында бірлік пен ынтымақты нығайтады. Этносаралық ынтымақ экономикалық салада да байқалады. Әр этникалық топ өз кәсібін жүргізіп, бір-бірімен ынтымақтастық орната алады, бұл экономикалық дамуға оң әсер етеді.

Қазақстандағы этносаралық ынтымақ — елдің тұрақтылығы мен дамуының негізі. Ол халықтың бірлігін, әлеуметтік тұрақтылықты және мәдени алуандықты қолдайды.

Деннің саулығы — Отанның байлығы

Денсаулық сақтау жүйесін дамыту, ұлт денсаулығына қамқорлық арқашан президенттік саясаттың басымдығы болып келді. Елде дәрігерлер мәртебесі біртіндеп артып келеді. Биыл алғаш рет «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағы берілді. Бұл атаққа Абай Байтеңкин («Ұлттық ғылыми медициналық орталық» АҚ Бас директоры), Вадим Кемайкин («Ұлттық ғылыми онкологиялық орталық» ЖШС гематология орталығының басшысы), Борис Цхай (Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық клиникалық аурухана» КМК хирург-дәрігері) ие болды.

Қазақстанда денсаулық сақтау саласында соңғы жылдары көптеген өзгерістер орын алды. Бұл өзгерістердің мақсаты — халықтың денсаулығын жақсарту, медициналық қызметтердің сапасын арттыру және медициналық инфрақұрылымды дамыту. 2020 жылы «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды, ол халықтың денсаулығын нығайту, аурулардың алдын алу және медициналық қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған.

Электрондық денсаулық сақтау жүйесі енгізілді. Бұл пациенттердің медициналық мәліметтерін цифрландыру, дәрігерлердің электрондық жазбалары, онлайн кеңес беру және қызметтерге қолжетімділікті жеңілдетуге мүмкіндік берді. Денсаулық сақтау саласына бөлінетін бюджет көлемі ұлғайып, медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасы жақсартылды. Медициналық қызметтерді қаржыландыру жүйесі жетілдірілді.

Халық арасында аурулардың алдын алу, әсіресе созылмалы ауруларға қатысты, профилактикалық шаралар қолға алынды. Салауатты өмір салтын насихаттау, вакцинация науқандары жүргізілуде. Бұл өзгерістер халықтың денсаулығын нығайтуға, медициналық қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ денсаулық сақтау саласын дамытуға бағытталған.

Ұлт рухы

Мемлекет басшысы Ұлттық Құрылтай отырыстарында және өз Жолдауларында ұлттың рухани дамуы, прогрессивті қоғам мен жоғары мәдениеттің дамуы тақырыбына үнемі назар аударады. Сондықтан, өткен жылы Президент «Қазақстанның Халық әртісі» атағын қалпына келтіру туралы шешім қабылдады. «Қазақстанның Халық әртісі» құрметті атағы Секен Тұрысбеков, Абзал Мұхитдинов, Ирина Лебсак, Майра Мұхамедқызы, Лидия Каден, Рихан Махпирова, Кеңес Жұмабеков, Жәмила Баспақова, Ольга Коржева және т.б. азаматтарға берілді.

Қазақстандағы еріктілер қозғалысы соңғы жылдары белсенді дамып, қоғамда маңызды рөл атқарады. Еріктілер елдегі әлеуметтік, мәдени, экологиялық және гуманитарлық жобаларға қатыса отырып, азаматтық белсенділікті арттыруға және қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге көмектеседі. Еріктілер әлеуметтік осал топтарға, зейнеткерлерге, балалар үйіне, мүгедектерге көмек көрсету, гуманитарлық көмек ұйымдастыру сияқты жобаларға қатысады. Табиғат қорғау, экологиялық тазалық акциялары мен табиғат қорғау жобаларына қатысу арқылы еріктілер экологиялық сауаттылықты арттыруға ықпал етеді. Еріктілер медициналық акцияларға, вакци-



нация науқандарына, донорлық жобаларға қатысады, халықты денсаулық сақтау мәселелері бойынша ақпараттандырады.

Жанқияр жандар назарда

Еріктілер мен құтқарушылар су тасқыны кезінде азаматтық жауапкершілік пен ынтымақтастықтың, жанқиярлықтың өзгеше үлгісін көрсетті. Олардың қатарында әкімдік қызметкерлері, қоғам қайраткерлері, азаматтық көзқарасы жоғары жандар бар. Олардың барлығы жаппай су тасқынының салдарын жоюға және қалпына келтіру жұмыстарына қатысты. Жалпы еліміз бойынша 100-ге жуық құтқарушы мен еріктілер марапатталды.

Жанқияр жандар мен құтқарушылар — қоғамның нағыз батырлары, олар өз өмірлерін қатерге тіге отырып, басқалардың өмірін құтқару үшін қызмет етеді. Бұл адамдардың еңбегі мен жанқиярлығы ерекше құрметке ие, өйткені олар төтенше жағдайларда, табиғи апаттарда және басқа да қиын жағдайларда көмек көрсету үшін бірінші болып алға шығады. Жанқияр жандар мен құтқарушылардың жұмысы қоғамның бірлігін, ынтымақтастығын нығайтуға ықпал етеді. Олар адамдардың бір-біріне көмектесуге дайын екендігін көрсетеді. Жанқияр жандар мен құтқарушылар — адамгершілік, жауапкершілік, адалдық, кәсібилік үлгісі. Олар қоғамға пайда әкелу, адамдардың өмірін қорғау мақсатында бар күш-жігерін салады.

Қаһармандарға құрмет

Сондай-ақ, бірқатар азаматтар ерліктері үшін марапатталды. Батып бара жатқан адамдарды құтқарғаны үшін Р.Қошқарбаев атындағы III дәрежелі «Айбын» орденімен Ұлттық ұланның «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының аға сарбазы Жанасбек Пермабек, Павлодар облысының аға уәскелік полиция инспекторы Елдос Қойкен, Ақтөбе қаласының полиция инспекторы Фархат Нұрманов, Талдықорған қалалық полиция инспекторы Санат Серікқалиұлы, жасөспірімді өрттен құтқарғаны үшін Атырау қаласының уәскелік полиция инспекторы Дамир Қорғанбаев «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

Қаһармандарға құрмет — қоғамның адамгершілік құндылықтарының бірі. Қаһармандық тарихымызда, мәдениетімізде және күнделікті өмірімізде ерекше орын алады. Қаһармандар — өз елінің, халқының мүддесі үшін, қиын-қыстау сәттерде өз өмірін тәуекел еткен жандар. Оларға құрмет көрсету еліміздің тарихи жадасын сақтау, ұрпақтар сабақтастығын нығайту, ұлттық патриотизмді арттыру үшін маңызды.

Азаттықтың алтын қазығы

Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты жиында қазақстандықтарды ұлттымыздың ең ұлық мерекесімен құттықтап, бұл азаттықтың алтын қазығын қакқан күн екенін атап өтті.

— Бір-бірімізге тілектес болайық, өзара құрметпен қарайық, қадірлейік. Кез келген қиындыққа қарсы тұрып, ел үшін, жер үшін бірге еңбек етейік. Халқы — біртұтас, болашағы — жарқын. Әділетті Қазақстанды бірге құрайық. Азаматтарымыз барлық салада әрдайым әділдік болғанын қалайды. Ол үшін әркім әділдікті, ең алдымен, өзінен бастауы керек. Сонда қоғам да, бүкіл мемлекеттік жүйе де әділ болмақ, — деді құттықтау сөзінде Мемлекет басшысы.



Дербестік Декларациясы



Коллажды жасаған А. Рахымжан

«Егемендік туралы Декларация тәуелсіздігіміздің саяси-құқықтық негізін қалыптастырды. Бір сөзбен айтсақ, Декларация – еліміздің тәуелсіздік алуына жол ашқан ажаспайтын құжат. Егемендік Декларациясын халықтың жан-жақты және ұзақ жылғы күресінің нәтижесі деуге болады. Әрине, мұндай қадамға бару оңай болған жоқ. Еліміздің сол кездегі саяси-әлеуметтік және демографиялық ахуалы тұрғысынан қарасақ, бұл өте батыл әрекет болатын», – дейтін ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзі жадымызда. Сөнбес үмітке кенелткен ұлттық мереке қарсаңында Егемендік Декларациясының мәнін зерделеп көрдік...

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

1990 жылы Декларацияны қабылдау тек символдық әрекет ғана емес, сонымен қатар, нақты саяси бастама болды. Көптеген сарапшылардың пайымдауынша, өтпелі кезеңдегі салыстырмалы тұрақтылықты сақтай отырып, Қазақстанды тәуелсіздікке дайындаған мұқият ойластырылған харекетке бастады.

Әуел бастағы әрекет

Қайда келгенімізді ұмытпасақ, қайда барарымызды да қаперден шығармаймыз. 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен Тәуелсіздік жолындағы әр қазақ жүрегімен ардақтарлық ең маңызды құжат Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Егемендігі туралы Декларацияны қабылдады. Осылайша, аталған тарихи қадам Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін елдің толық тәуелсіздігі мен азаттықтың шуақты шырайына қол жеткізудегі маңызды қадам болды. Декларация Қазақстанды егемен мемлекет деп негіздеп, одан әрі саяси және экономикалық өзгерістердің берік негізін қалады.

Егемендік Декларациясы қабылданардан бұрын Қазақстанда президенттік басқару енгізілді. Бұл мәселе 1990 жылғы 24 сәуірде Жоғарғы Кеңесте талқыланып, академик Сұлтан Сартәев баяндама жасады және сол күні заң қабылданды. Бірақ сол кезде Мәскеу мұндай заңды қабылдауға қарсы болып, қысым жасағаны да елдің есінде.

Декларацияның мән-мағынасын тереңірек түсіну үшін 80-ші жылдардың аяғындағы саяси жағдайды ескеру қажет. Ол кезеңдерде КСРО саяси және экономикалық жүйенің дағдарысынан бастап өткерді. Осы уақытта одақтас республикаларда тәуелсіздікке деген ұмтылыстар легі күшейгеннің үстіне күшейе түсті. Әсіресе, Молотов-Риббентроп пактісіне қол қойылғаннан кейін одақтас республикалардың өзін-өзі анықтау құқықтарын талқылағаннан соң, тәуелсіз мемлекет идеясы ғаламды құлды бір вирус сынды шарлап кеткен. Мәселен, Балтық жағалауы елдері КСРО құрамынан шығуды қарқынды түрде талап еткеннен, Қазақстан һәм өзге де Орталық Азия республикалары Одақ шеңберінде өз дербестігін кеңейту нұсқаларын ішінара дербес қарастыра бастады.

Декларацияның мәні

Мемлекеттік Егемендік туралы Декларация келесі таңдаудан өтіп, таңдалған негізгі ережелерді қамтыды. Алдымен, егемендікті ресми бекіту. Құжат әлемге әйгі болысымен, Қазақстан егеменді мемлекет болып жарияланды. Яғни, оның заңдары мен Конституциясы Одақтық заңдардан басым еді. Бұл тәуелсіз құқықтық жүйені қалыптастырудағы шешуші қадам болды. Ендігісі – тәуелсіз сыртқы саясат құқығы. Қазақстан өзінің сыртқы саясатына да басқа мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен экономикалық қатынастарға қатысу бойынша толыққанды құқығын жариялады. Мұнан соң, өз азаматтығын белгілеу. Декларацияда кейінірек көші-қон және азаматтық саясатты әзірлеу үшін негіз болған Қазақстан азаматтығын белгілеу құқығы сөз болды. Табиғи ресурстарды бақылау аясында мұнай, газ, көмір және басқа да пайдалы қазбаларды қоса алғанда, табиғи ресурстар атаулысы ендігіде Қазақстанның ұлттық қазынасы болып жарияланды. Бұл жағдай елдің болашақ экономикасы үшін тағдыршешті үлкен маңызға ие болды.

Қаржылық дербестік. Декларация 1993 жылы енгізілген ұлттық валюта-тенгені құрудың бастапқы кайнары болып табылатын өзінің бюджеттік, салықтық және банктік жүйелерін қалыптастыру құқығын көздеді. Әскери бейтараптық. Құжатта Қазақстанның қорғаныс және Ұлттық қауіпсіздік мәселелерін өз бетінше шешу құқығы атап көрсетілді. Бұл кейіннен ядролық арсеналдан бас тартуға, ядролық қарусыз мәртебе туралы шартқа қол қоюға әкелді.

Мезгіл өтіп, дәуір алмасқанда...

1990 жылы Декларацияны қабылдау тек символдық әрекет ғана емес, сонымен қатар,

нақты саяси бастама болды. Көптеген сарапшылардың пайымдауынша, өтпелі кезеңдегі салыстырмалы тұрақтылықты сақтай отырып, Қазақстанды тәуелсіздікке дайындаған мұқият ойластырылған харекетке бастады. Экономистер табиғи ресурстар мен қаржылық тәуелсіздікке құқықты бекіту тәуелсіз экономикалық саясатты қалыптастыруда маңызды рөл атқарғанын атап өтті. Егер Қазақстан бұл қадамдарды алдын ала жасамаған болса, 1991 жылы тәуелсіздік алу үдерісі әлдеқайда күрделі болар еді.

Саясаттанушылар Декларация Қазақстанның халықаралық субъект ретінде

Құндылықты

құндақтаған құжат

Сөзіміздің соңында құны кетпес құжаттың мәтінінің әрбір ұлтжанды азамат жадына тоқып аларлық зипа сөйлемдерінің бірқатарын оқырман назарына дөп-дөп тартқанды құп көрдік.

«Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі Қазақстан халқының еркін билдіре отырып, Республиканың барлық азаматтары үшін лайықты және тең тұрмыс жағдайын жасауға ұмтыла отырып, Республикада тұратын халықтарды топтастыру мен олардың достығын нығайтуды

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Егемендігі туралы Декларация ел тарихындағы бетбұрысты құжат болды. 1990 жылы 25 қазанда қабылданған құжат тәуелсіздіктің негізін қалап, 1991 жылы егемендікке бейбіт және құрылымдық ауысым кезеңдеріне ықпал етті. Экономикалық әрі саяси тұрғыдан алғанда, бұл құжат табысты мемлекеттік құрылыстың берік тұғырнамасын қамтамасыз ете отырып, Қазақстанды жаңа сын-тегеуріндерге дайындады.

бекітілуіне негіз болғанын атап көрсетеді. Егемен мемлекет бола отырып, ел халықаралық ұйымдарға тиімдірек қатыса алды, сондай-ақ, Орталық Азиядағы қауіпсіздік шарттары сияқты маңызды экономикалық және саяси келісімдер жасай алды.

Қоғамтанушы, саяси шолушы Гүлнәр Шөменовна 1990 жылғы Декларация Қазақстанның сыртқы саяси бағытының қалыптасуына үлкен әсер етті. Бейбіт қатар өмір сүруге және көпекторлыққа бағытталған сыртқы саясат елдің егемендігінің негізін қалаған шешімдерге негізделген деп бағамдады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Егемендігі туралы Декларация ел тарихындағы бетбұрысты құжат болды. 1990 жылы 25 қазанда қабылданған құжат тәуелсіздіктің негізін қалап, 1991 жылы егемендікке бейбіт және құрылымдық ауысым кезеңдеріне ықпал етті. Экономикалық әрі саяси тұрғыдан алғанда, бұл құжат табысты мемлекеттік құрылыстың берік тұғырнамасын қамтамасыз ете отырып, Қазақстанды жаңа сын-тегеуріндерге дайындады.

бірінші дәрежелі міндет деп санай отырып, Жалпыға бірдей адам праволары декларациясын және ұлттардың өзін-өзі еркін билеу правосын тани отырып, қазақ ұлтының тағдыры үшін жауапкершілікті ұғына отырып, ізгілікті демократиялық праволық мемлекетті құруға бел байлауды негізге ала отырып, Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігін жариялайды және осы Декларацияны қабылдайды.

Қазақ Советтік Социалистік Республикасы – егеменді мемлекет, ол басқа республикалармен Егеменді Республикалар Одағына ерікті түрде бірігеді және олармен өзара қатынастарын шарттық негізде құрады. Қазақ

Саясаттанушылар Декларация Қазақстанның халықаралық субъект ретінде бекітілуіне негіз болғанын атап көрсетеді. Егемен мемлекет бола отырып, ел халықаралық ұйымдарға тиімдірек қатыса алды, сондай-ақ, Орталық Азиядағы қауіпсіздік шарттары сияқты маңызды экономикалық және саяси келісімдер жасай алды.

Ұлт шежіресінің ұлы белесі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылы Ұлттық Құрылтай отырысында «Біз – тарихтан тағалым ала білген халықпыз. Бүгін қайта жалғасын тапқан Құрылтайды төл тарихымызға тағзым деуге болады. Осы Құрылтай да ертең ұлт шежіресінің бір белесіне айналатыны анық. Елдің тарихи жадын жаңғырту үшін үйлесімді саясаттың болуы ерекше маңызды. Осы орайда, біз ел дамуының жаңа басымдықтарын белгілеп алуымыз керек. Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн» деп ерекше атап өтті. Президент Республика күніне Ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынды. Егемендік күні – еліміздің басты мерекесі.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде Республика күні мемлекеттік емес, Ұлттық мерекеге айналды. Ұлттық мерекеде мемлекеттік органдарда міндетті түрде ресми іс-шаралар өткізілетінін ескерсек, ерекше тарихи маңызы бар және мемлекеттігіміздің дамуына елеулі әсер еткен оқиғалармен байланысты екенін де естен шығармаған жөн. Әрине, рухани құндылық саналатын ізгі, өнеге аларлық оқиғаларды әр халық өзінің талғамына сәйкес қабылдайды. Ерекше тарихи маңызы бар және мемлекеттіліктің дамуына елеулі әсер еткен оқиғалармен ерекшелідейді. Ал, Тәуелсіздік күні – мемлекеттік мереке мәртебесіне ие. Бұл күн өз алдына қоғамдық-саяси маңызы бар оқиғаларға арналған күндермен ерекше. Бұл жайлы

Мемлекет басшысы Құрылтайда:

– Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамның символы болуы керек. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ, Тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек, – деп атап өтті.

Жанаша мағына, мазмұн үстемдігіне ие болған Тәуелсіздік мерекесі мән-мағынасын жоймайды. Мағынаға толы мереке еліміздің тарихи сахнасында ойып тұрып орнын алған. Тарихты парактасақ, тәуелсіздіктің арқасында ұлы далада ұлтты ұйыстырып, шекара бүтінделді. Тәуелсіздік туралы Заңның арқасында 1992 жылғы 7 мамырда Қазақстанның Қарулы күштері құрылды. Тәуелсіздік туралы заң қабылданған соң, Қазақстан азат ел ретінде БҰҰ-ға мүше болды.

Ғалымдардың пікірінше, егемендік – мемлекеттік биліктің белгілі бір ел ішінде толыққанды үстемдік етуінен пайда болған ұғым. Сондықтан, егемендік дәрежесі Тәуелсіздік мәртебесінен төмен емес. Егемен елде мемлекет пен халық билігінен басқа ешқандай билік болмайды. Тәуелсіздік пен егемендік ұғымдары бір-бірін толықтырады.

Тәуелсіздік пен егемендікті ту еткен Қазақстан дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Төрткүл дүние мойындайтын толыққанды мемлекет құруда жастарға артылар жауапкершілік үлкен. Бүгінгі мемлекет үшін маңызды мерекелерде мемлекеттік қызметтегі адал әрі білікті кадрлар Отанымыздың игілігі жолында тынбай еңбек етіп жүр. Осы орайда ұлттық әрі мемлекеттік идеяны жоғары деңгейде ұлықтауда жастарға жоғары басымдық берілді. Әділетті Қазақстанның жаңа сұранысына жауап бере алатын тарихи-ұлттық мерекелерді даңғаз жасамай, ұлттық рухта ұйымдастырып, ұжымдастыра білген жастардың табандылығына сүйенген жөн.

Еліміздегі жалғыз ұлттық мереке 25 қазан – Қазақстанның егемендігі және территориясының тұтастығы саяси, құқықтық және экономикалық тұрғыдан дөйектелген күнмен сай келеді. Президент атап өткендей, 1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қаз-Қ



Коллажды жасаған А. Көктем

СР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация қабылданды. Сол сәттен егеменді Қазақстан өзіндік көзқарасы бар жеке мемлекет ретінде әлемге танылды. Декларацияны қабылдауға арқылы еліміздің дербестігін мәлім ететін жеке территория, азаматтық, мемлекеттік бюджет, халықаралық қатынастардағы дербестігімен қатар мемлекеттік рәміздері бекітілді. Ұлттық мерекені ұлықтаудың негізі

ССР-і Одақтан еркін шығу правосын өзінде сақтап қалады.

Қазіргі шекарасындағы Қазақ ССР-інің территориясы бөлінбейді және оған қол сұғылмайды, оның келісімінсіз пайдалануға болмайды.

Қазақ ССР-інің мемлекеттік өкімет билігі Республика ішінде, сондай-ақ, Одақтық шартта белгіленген шеңберде сыртқы қарым-қатынаста үстем, дербес, толық болады.

Президент Республиканың басшысы болып табылады және онда ең жоғары өкімшілік-атқару билік болады.

Қазақ ССР территориясында, оның өз еркімен Одаққа берген мәселелерін қоспағанда, Қазақ ССР Конституциясы мен заңдарының үстемдігі орнатылады, оларды барлық мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар сақтауға және орындауға тиіс.

Жер және оның қойнауы, су, әуе кеңістігі, өсімдіктер мен хайуанаттар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар, халықтың мәдени және тарихи қазыналары, бүкіл экономикалық, ғылыми-техникалық потенциал Республика территориясындағы бүкіл ұлттық байлық Республика егемендігінің негізін құрай отырып, оның ерекше меншігінде болады.

Республика территориясында ядролық қарудың сыналуына, жаппай қырып-жоюын қарудың өзге де түрлері (химиялық, бактериологиялық, биологиялық және басқалар) үшін сынау полигондарын салуға және олардың жұмыс істеуіне тыйым салынады.

Қазақ ССР-і одақтық органдардың, одақтас республикалардың және өзге мемлекеттердің іс-қимылынан, сондай-ақ, өз территориясындағы ядролық және басқа полигондардың, әскери-өнеркәсіптік кешен объектілерінің қызметінен Республика халқының денсаулығына, табиғи ортасы мен экономикасына келтірілген зиянды өтетін алуға прволы.

Қазақ ССР-і Республикадан тыс жерлерде тұратын қазақтардың ұлттық-мәдени, рухани және тіл жөніндегі қажетін қанағаттандыруға қамқорлық жасайды.

Республика шет мемлекеттермен экономикалық және сауда байланыстарын еріктілік пен теңправолық принциптерін сақтай отырып, өзара тиімді шарттар негізінде құрады, сыртқы экономикалық қызмет мәселелерін дербес шешеді.

Қазақ ССР мемлекеттік егемендігінің символдары – герб, жалау, гимн – қасиетті болып табылады және оларды қорлаудың қандай болса да заңмен жазаланады.

Декларация Одақтық шарт жасау, Қазақ ССР-інің жаңа Конституциясын, егеменді мемлекет ретінде Республиканың статусын жүзеге асыратын заң актілерін әзірлеу үшін негіз болып табылады.

Иә, оқығанның жанарында бір сәтке кідірген тағдыршешті түйіршік сөздер еңселі егемендігімізге осылайша кепіл болды. Ал, біз осы бір тәуелсіздігімізді мәні зор мәңгілікте көзіміздің ағы мен қарасындай аялап сақтауға міндеткерміз. Жақұт тілегіміз де – осы. Бірдей үміт, бірдей арман, бір тілек!

Жайсаң елдің жақсылығы жадымызда



Ұлттық мерекеде қиын-қыстау кезеңде құшақ жая қарсы алған кеңпейіл де қонақжай қазақ халқының дархандығын тағы бір атап өтпейміз. Бұның астарында қазақ халқының бауырмалдығы мен мейірімділігіне ризашылық білдіру жатыр. Біз әр мерекеде түрлі этнос өкілдеріне ізгі ниеті үшін қазақ халқына шексіз алғыс айтамыз.



Сурет ашық дереккөзінен

Биыл шешен-ингуш халқының Қазақстанға жер аударылып келгеніне – 80 жыл. Қарағанды облысында қазір 10 мыңға жуық вайнах өкілі бар. Олардың көпшілігі 1944 жылдан бері тұрып келе жатыр. Қарағанды облысына 50 мыңнан астам шешен-ингуш жер аударылған, бұл – шамамен 10 мың отбасы. Бүгінгі таңда қызметіздегі ең басты міндет – тарихқа ұқыптылықпен қарау.

Тарихқа үңілсек, біздің ата-бабаларымызға қазақ халқы сүренсіз кездерде қолдау көрсетті. Бүгінде ортақ Отанда бір үйдің баласындай бейбіт өмір сүрудеміз. Әрбір мерейлі ұлттық мерекелерде сондай жақсылық жасаған елді ешқашан ұмыту мүмкін емес.

Алдағы уақытта ұлтаралық келісімді сақтап, өңірде тұратын басқа этнос өкілдерімен мәдени-әлеуметтік байланыстарды

дамыта береміз. Мереке аясында ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді және тілді жаңғырта отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясының ел мүддесі жолындағы идеяларын жүзеге асыру – маңызды.

Өскеген ұрпақтың бойына рухани-адамгершілік қасиеттерін сіңіру, яғни, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тіл, мәдениетті сақтап қалу да уақыт талабынан түспейді. Бұл үшін Қазақстанда барлық жағдай жасалған. Тамаша достық үйлері, идеологиялық тірек – бәрі бар.

Ұлттық мерекемізде баршаңызға денсаулық, бақыт, еліміздің гүлденуін, Отанымызға әрқашан бейбітшілік пен өзара татулық тілеймін!

Увайс ДЖАНАЕВ,
«Вайнах» шешен-ингуш этно-мәдени бірлестігінің төрағасы

Бір шаңырақ астында



Ұлттық мереке Республика күні – баршамыз үшін ерекше мереке. Қазақ елінің дамуына елеулі ықпал етерлік тарихи маңызы зор.



Сурет ашық дереккөзінен

Мереке қарсаңында этно-мәдени орталықтардың мүшелері «Шаңырағымыз бір болсын» деген ниетпен ұлттар достығының шаңырағын көтеріп, қазақтың киіз үйін тіксе де артық емес. Менің есіме бір жағдай түсіп отыр...

Өткен жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті сессиясында Қасым-Жомарт Тоқаев бейбітшілікті, достық пен ынтымақтастықты нығайтудағы еңбегі үшін еліміздегі этномәдени орталықтар өкілдерін марапаттаған еді. Сол жиында «Ассамблея жастары» ұйымының аймақтағы басшысы ретінде қатысты. Президент белсенді жастарға қоғамдағы бірлікті, келісімді сақтап, волонтерлік қызметті дамытуға қосқан үлес пен белсенді азаматтық ұстаным үшін алғыс жариялады. Біз Президенттің қолынан марапат алған сәтте ерекше толқыдық.

Сол уақытта Президент Ассамблеяның волонтерлік қызметі, «Жүректен-жүрекке», «Қайырымдылық керуені» секілді акцияларын атап өтіп, оған Қарағанды облысының ҚХА өкілігі белсенді қатысатынын тілге тиек еткен. Мереке

қарсаңында Мемлекет басшысының алғысы барша облыс жастарына айтылған алғыс деп қабылдаған жөн. Бұл – ортақ жұмыстың нәтижесі.

Барлық ҚХА еріктері әлеуметтік жобаларға белсенді атсалысып жүр. Мәселен, сол уақытта «Жүректен-жүрекке» акциясына әртүрлі жастағы адамдардан тұратын облыс Ассамблеясының 12 мыңнан астам еріктісі жиналған. Ел үшін атқарылған жұмыстарды көргенде, мақтаншыл кеудені кернейді. Ел мүддесі үшін атқарылып жатқан жұмыстардың бәрі бекер емес.

Біз – бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастырамыз. Аймақ жастарының абыройын асқақтатып, халықтар бірлігін нығайтуға қатысты мәселелерде белсенділік танытатын өзекті өзгерістерді жалғастыра береміз. Достық үйлерін руханият орталығына, ұлы достық бесігіне айналдыру – мақсат.

Александр УРМАСОВ,
облыстық «Ассамблея жастары» ұйымының басшысы

ЕҢБЕК АДАМЫ

«Дала генералының» данқы

«Бұл, ең алдымен, өзіне жүктелген міндетті орындау үшін барын салып еңбек ететін білікті маман. Нағыз еңбек адамы – бұл істің адамы, яғни, әр ісіне, әр қадамына жауапкершілікпен қарайтын адал азамат»

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ



Мемлекет басшысы өзінің Қарағанды облысына сапары барысында Нұра ауданының «Шахтерское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде болып, ауыл еңбеккерлерімен жүздесіп, ауылдың әлеуметтік жағдайымен таныса келе: «Мен бұл оң өзгерістер үшін Георгий Прокопқа алғыс білдіремін, оның ауылды дамытуға жұмсаған күш жігері, салған инвестициялары үшін», – деген еді.

Мен, енді сол Георгий Прокоп кім деген сұраққа жауап бергім келіп отыр. Ел алдымен Прокоп – Еңбек адамы! «Әлемдегі ең тұрақты валюта – еңбек» деген қағиданы өмірлік ұстанымына айналдырған ол өзінің саналы ғұмырын сайын далаға, туған жерін түлетуге арнаған азамат, елінің патриоты!

Тағдыр

Ұлты неміс болғандықтан, неміс халқының басына түскен барлық ауыртпалық бұл отбасын да айналдырған. Оның ата-бабалары Петербург университетін бітірген, сондағы педагогикалық семинарияда сабақ берген, сол кезде әжесі мен үлкен әкесі Англия мен Германияға тәжірибе алмасу мақсатында сапар шеккен. 1937 жылы үлкен әкесіне «екі елдің тыңшысы» деген айып тағылып сотталып, итжеккенге жер аударылған. 1943 жылы айдауда жүріп Норильскіде ажал құшқан, сонда жерленген. Ал, әжесі бала-шағасымен Қазақстанға жер аударылған.

Гитлерлік Германия мен Кеңес Одағы арасындағы соғыс Поволжьедегі неміс автономиясын жоюға алғышарт болып, 1941 жылы күзде Қазақ жеріне 361 мың неміс қоныс аударылды. Қазақстандағы немістердің этникалық тобының қалыптасуына негіз салған КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1941 жылғы 28 тамызда қабылдаған «Еділ бойында тұратын немістерді қоныс аудару туралы» (О переселении немцев, проживающих в районах Поволжья) Жарлығы болды. Еділ бойында тұратын немістерге сатқындық айыбы тағылды. Жарлықтың күші кеңестік неміс ұлты өкілдерінің барлығына қолданылды. Сол кезеңде республикадағы немістердің жалпы саны 441713 адамды құрады.

1941 жылы Прокоптар отбасы да Қазақстанға жүк тиелген вагондарда жөнелтілгенде, көрген зорлық-зомбылықтан соң ешкім тірі қаламыз деп ойламады. Сөйтіп, олар Нұраның Қызылшілік деп аталатын кішкентай ауылына жеткізілді. Әкесі 1941-1948 жылдар аралығында еңбек армиясына жіберілді, анасы ауылда жұмыс істеді. Әкесі ауылда өте сыйлы болды, қазақ тілін жетік меңгеріп, техниканың тілін де бір кісідей меңгерген, ауылдастарымен жақсы қарым-қатынаста болды. Нұраның шаруашылықтарында механик, бригадир болып, тұрғылықты халықпен қоян-қолтық араласып, зейнетке шыққанша еңбек етті.

– Әкей қазақ халқының алдында бас иетін. Қазақтардың арқасында біз тірі қалдық. «Бүгінгі күніміз үшін біз – осы халық алдында мәңгі қарыздармыз», – деп отыратын үнемі, – деп еске алады Георгий. Кейін заман өзгергенде әкейден «Германияға тарихи Отаныңызға қайтыңыз келе ме? Қазір мүмкіндік бар ғой», – деп сұрағанында әкей маған: – Сен өз тағдырыңды өзін шеш, ал, мен Қазақстанды тастап ешқайда бармаймын, маған тағдыр сыйлаған Менің Отаным – Қазақстан. Мен мәңгілік осы жерде қаламын! – деп жауап берді. Мен



Сурет ашық дереккөзінен

де бұл мәселеге қайта оралмадым.

Депортацияланған халықтардың тарихы аса күрделі кезең оқиғаларын қамтиды. Қазақтар 1930 жылдардағы бұрын-соңды Қазақ даласында болып көрмеген аштық қасіретін басынан өткізіп отырса да, осынау тарихи сын сағатынан сүрінбей өтті. Қазақ халқы тағдыр тәлкегімен келген халықтардың сақталып қалуы мен рухани-материалдық тұрғыда қайта түлеуіне мүмкін болған көмегін аяған жоқ-тың. Қиын-қыстау кезеңде қазақ халқының көрсеткен мейірімділігі мен қонақжайлылығы қоныс аударылып келген халықтардың жадында сақталады және ол ешқашан ұмытылмақ емес. Міне, бұл тарихи тағдыр қазақстандық ұлтаралық татулық моделінің негізі болса керек.

«Туған жерге туың тік»

Георгий Прокоп Нұра ауданындағы сол кішкентай Қызылшілік деп аталатын шағын ауылда дүниеге келген. Киевқа орта мектебін, одан соң Целиноград ауыл шаруашылық институтын бітірген. Еңбек жолын 1973 жылы Целиноград облысы, Вишневка ауданының (қазіргі Аршалы ауданы) «Вячеславский» кеңшарында бастаған, 1976 жылы туған жерге оралып, содан бері туған топырағында ел игілігіне қызмет етуде.

– Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев «Еңбеккерлік біздің негізгі құндылығымыз болуы қажет. Оны ұлт сипатын айқындайтын асыл қасиетке айналдыруға тиіспіз» – деген мақсат қойды емес пе өз Жолдауында. «Тәрбие – тал бесіктен» демекші, бізді әке-шешеміз жасымыздан еңбекке баулыды, әуелі үй шаруашылығына көмегінді тигізсең, одан соң мектеп оқушысы кезінде каникулда ересектермен еріп, солардың қасында жүріп, шамаң келген жұмыстарды, мал азығын әзірлеу науқаны, құрылыс жұмыстары, әйтеуір, шама-шарқыңша жұмыс атқарасың. Ол уақытта біз ересектердің қасында жүргенді үлкен құрмет санайтынбыз. Бұл өте маңызды тәрбие мектебі болатын, – дейді ол.

Ал, 1986 жылдан бері «Шахтерское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін басқарады. Бұл нарық заманына өту және жеке-шелеңдіру науқанының басталу кезеңі болатын. Шаруашылықтар тарап, ауылдықтардың көпшілігі не істерін білмей дал болған кезде жерлері Георгий Прокопқа сенім артып, бір жағадан

Алға ұмтылу оның басты мұраты болды. Қазіргі кезде оның шаруашылығына озық технологиялардың алуан түрі, ылғал сақтау техникаларының да озық түрлері сатып алынды. Американдық техникалар алынып, яғни, механизатор еңбегін жеңілдету үшін барлық жағдай жасалды. Мысалы, қазіргі оның шаруашылығында қолданыстағы «Джон Дирлерде» желдеткіш те, компьютер де орнатылған. Механизаторларды Көкшетау қаласында арнайы курстан оқытып, оларға да жана технологияларды меңгеруге жол ашты. Машина-тракторлық парк толықтай жаңартылған.

Еңбекпен келген абырой

Бүгінгі таңда «Шахтерское» ЖШС облысымызға танымал элиталық тұқым шаруашылығына айналған. Ал, осы шаруашылықты отыз жылдан аса басқарып, өрге сүйреп келе жатқан Георгий Прокоптың да абыройы асқақ. Бүгінде «Қарағанды облысының Құрметті азаматы», Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, «Құрмет», «Парасат», «Отан» ордендерінің



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау туралы» Жарлыққа қол қойды.

Өндірістік қызметтегі ерекше еңбегі үшін жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз Қарағанды облысы, «Шахтерское» ЖШС директоры Прокоп Георгий Георгиевичке тапсырылды.

akorda.kz

– бас, бір жеңнен – қол шығарып, бірікті. Енді жаңадан құрылған шаруашылықты жаңаша басқару, еңбекті жаңаша ұйымдастыру ұжым мүшелерінің бәрінің бірдей жауапкершілігін арттыра отырып, нәтижеге қол жеткізу тың мақсатқа айналды. Ең алдымен ескірген машина-тракторлық паркті жаңарту, яғни, жаңа техника сатып алу, сонымен қатар, жермен жұмысты да басқаша жүргізу керек еді. Бұрынғыдай соқамен жер жүртуды қойып, жер қабатын сақтай отырып, жерге дән сіңіру мен астық жинаудың тың тәсілдерін қолдану керек болды. Георгий өзі қаншалықты дикан еңбегіне қанық болғанымен, енді озық технологияларды қолдану жайының қай-жапсарын зерттей бастады. Күтім көрмеген жер тоза бастайды және оны арам шөп басып кететіні айдан анық қой. Сөйтіп, өзінің «Жер – біздің анамыз. Біз анаға қандай құрметпен қарасақ, жерге сондай құрметпен қарауымыз керек, сонда жердің де берері мол болады хақ, жердің тілін білсең, тілдей жерден жылдық өнім аласың» деген ұстанымымен жұмысты жалғастыра берді. Егістіктің алғашқыда бір бөлігіне жаңа тәсілдерді қолданды, арам шөптермен күрес, ылғал сақтау технологиясын пайдалана отырып, тұқым сапасын жақсартуды да біртіндеп қолға алды. Осы аралықта шаруашылық үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Георгий Прокоптың басты қасиеттерінің бірі бір орында тұрмау, жаңа технологияларды меңгеру, заман талабына сай болу мақсатында Қытай, Гонконг т.б. бірнеше шетелдерде де тәжірибе алмасу семинарларына қатысып қайтты. Онда алған мәліметтер мен тәжірибелерді өз шаруашылығы жағдайында қолдануды жүзеге асыра бастады.

иетері. Осының бәрі, азаматтың ерен еңбегінің әділ бағасы. 2014 жылы еңбектегі табыстары мен мемлекетіміздің дамуына қосқан зор үлесі үшін «Отан» орденімен марапатталуы оның Қазақстанға деген отансүйгіштігі мен патриоттық сезімін арттыра түсіп, жігеріне жігер қосып еңбегін жандандыра түсті.

«Дала генералы» атанған Георгий Прокоп білгір басшы, іскер ұйымдастырушы бола тұра, ол әлеуметтік мәселені де ешуақыт назардан тыс қалдырмайды. Жас мамандарға, мұғалімдерге арнап тұрғын үй салу, мектепке көмек сияқты мәселелер үнемі назарында. Ауылдың бүгінгі кейлі көзтөярылық. Ауылы – ажарлы, ауылдықтар өмірі – базарлы. Қай жағынан алсақ та, көпке үлгі боларлық. Көшелер асфальтталған, жарықтандырылған, қойландырылған, таза су өре кіргізілген, орталық көшеде стела мен субұрпақ орнатылған. Осының бәрі оған республикалық «Парыз» байқауының номинациясының «Күміс жұлдыздары» атануына жол ашты. Ендігі жоспарында Георгий Прокоп ауылға жаңа мектеп салмақшы.

Әділетті Қазақстанды еңбеккер, адал азаматтар ғана құра алатынына сенім білдірген Президент бүкіл жетістіктің бастауы, табысқа жетудің кілті адал еңбекте жатқанын айтты. Міне, өзінің кіндік қаны тамған жер, туған топырағы Нұрасына бар саналы ғұмыры мен адал еңбегін арнап жүрген Георгий Прокоп – осындай аптал азамат!

Бикен АХМЕТОВА,
Қазақстанның Құрметті журналисі



• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Қоғам үшін маңызды мейрам

Патриотизм рухында тәрбиелен, отансүйгіштік сезімін ұрпақ бойына дарытуда тарихи оқиғалар мен айрықша күндер зор ықпал етеді. 13 жыл, бір мүшелден кейін «ұлттық» мәртебесімен қайта оралған Республика күнінің тарихи мәні тереңде, саяси мәні ерекше. Сонымен қатар, Ұлттық мерекенің әлеуметтік мәніне де назар аударған орынды. Осы күн қарсаңында тұтас ел көлемінде ілкімді істер жүзеге асырылады.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атаулы күн әдетте жағымды жаңалықтарға толы болады бізде. Мереке қарсаңында түрлі әлеуметтік нысандар ашылады, пәтер кілттері табысталады. Ұлттық мейрамда мұндай жақсы істер еселеніп түсері сөзсіз. Мәселен, аймақта бүгін және ертең бірқатар әлеуметтік нысандардың ашылуы жоспарланған. Приозерск қаласында, Ақтоғай, Бұқар жырау және Нұра аудандарында халықтың әлеуметтік осал топтарына және тұрғын үй кезегінде тұрған жандар баспаналы болмақ. Облыстың әр өңірінде 40 отбасы көптен күткен пәтер кілтіне қол жеткізеді. Сонымен қатар, Бұқар жырау ауданының Астаховка ауылында су құбыры пайдалануға берілді. 300-ге жуық тұрғыны бар ауыл үшін бұл үлкен жаңалық.

Облыс орталығында мереке күні «Алаш» аллеясы мен «Өлкетану» кітапханасы ашылады. Бұл ұлттық нақыштағы композиция болады деп жоспарланған. Мереке аясында аудандарда да нысандар ашылады. Мәселен, Ақтоғай ауданында спорт және балалар алаңы, Абай ауданында дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараты, Нұра ауданында жартылай фабрикаттар дайындау цехі ашылмақ. Сонымен қатар, мереке аясында абақтандырылған 52 аула мен «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында 44 нысан пайдалануға беріледі. Аталған нысандар өңір үшін, ондағы тұрғындар үшін маңызды. Барлығы әлеуметтік әхуалын арттыруға бағытталды.

Мереке қарсаңында қайырымдылық



Коллажды авторы А. КОКТАЕВА

шаралары да назардан тыс қалмаған. Әлеуметтік осал топ өкілдеріне көмектесу үшін осы жолы «Жанашыр жүрек» игі істер марафоны іске қосылды. Акция аясында Жастар ресурстық орталығының еріктілері «25 игі іс» акциясын іске қоспақшы. Оның шеңберінде қайырымдылық түскі ас, қарттарға, жалғыздікті қарияларға, балаларға және мүгедектігі бар адамдарға көмек, азықтүлік жиынтықтарын табыстау және экологиялық іс-шаралар жоспарланған. «Таза Қазақстан. Таза табиғат» жобасы бойынша аулалардың, көшелердің, саябақтар мен су айдындарының аумағын тазалау жұмыстары да жүргізіледі.

Жалпы өңірлерде мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына жергілікті бюджет қаражаты есебінен біржолғы материалдық көмек, сондай-ақ, сыйлықтар мен азықтүлік жиынтықтарын тапсыра отырып, қайырымдылық көрсету көзделген. Атап айтқанда, жергілікті бюджет қаражаты есебінен 42 720 адамды қамту жоспарланған. Бұл мақсатта 857,5 млн теңге бөлінген. Бұл санатқа Екінші дүние-



жүзілік соғыстың ардагерлері, мүгедектігі бар жандар және мүгедек балалар тәрбиеленіп отырған отбасылар жатады. Одан бөлек, көпбалалы отбасы балаларының мектепке дейінгі ұйым шығындары өтеледі. Сонымен қоса, өңірлерде азықтүлік себеттері таратылады. Нақтыласақ, мұндай көмек Қарағанды, Балқаш қалалары мен Ақтоғай, Қарқаралы аудандарының 125 тұрғынына жасалады. Бұған бюджет қаражатынан тыс 640 мың теңге қарастыру жоспарланған.

Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының дерегіне, әлеуметтік осал санаттағы азаматтар үшін мерекелік шараларды, түскі астар мен байқаулар, спорттық жарыстарды ұйымдастыруға бюджеттен тыс 470,0 мың теңге көлемінде қаражат көзделген, 2 827 адам қамтылмақ.

Мұның сыртында барлық мәдениет және спорт нысандарында ұйымдастырылатын қаншама салтанатты жиындар, мерекелік концерттер мен спорттық шаралар бар. Мұның барлығы да мерекенің мәнін айшықтай түсері анық.

«Республика» сөзі латын тілінде «ортак іс» деген мағына беретіні баршамызға белгілі. Бір сөзбен айтқанда, Республика өз ісіне жауапты азаматтардың ортақ іс-әрекетінің арқасында құрылады. Өйткені азаматтар – мемлекеттің арқауы. Азаматтары болмаса, мемлекет те болмайды», – деген еді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2022 жылы Ұлттық Құрылтайдың бірінші отырысында. Сол жылы Республика күні мерекесін «қайтарып», ұлттық мереке мәртебесін беруді ұсынды. Сондықтан, Республика күні жайында мерекеміз емес, басты ұлттық мейрамымыз және оның аясындағы барлық әлеуметтік шаралар оның маңызын асқақтата беруді тиіс.



Сурет облыс әкімінің кабинетінен

• САУАЛНАМА

Мереке тағылымы туралы жастар не дейді?

Республика күні ол – ел болып егемендімізді етене қастер тұтатын мейрам. Қайта жаңғырған Республика күнін қайтсек біз тағылымын толық танытып, жалпыұлттыққа айналдыра аламыз? Қайтсек бұл мереке елдің, ел-жұрт мерекенің рух байрағын биіктен желбіретеді? Оқшау ойы бар жерлес жастарымыздың осы сауалға жауабына «Орталықтан» төр бердік.

«Креатив арқылы көкірекке тоқу керек»



Асхат ҚАЗЖЫТАЙ,
«Әлемді жаяу аралаймын» жобасының авторы, марафоншы:

«Бірер жыл бұрын ұлттық мәртебесін алып, өмір салтымызға қайта оралған ұлық мерекеміз жайлы көп айтуға болады. Өте маңызды тарихи шешім болды деп ойлаймын өз басым. Мемлекет үшін маңызды мереке болған соң барлық мекемелерде міндетті түрде дәстүрлі іс-шаралар өте береді ғой. Түрлі акциялар мен челленджер ұйымдастырылып жатады. Дегенмен, ұлттық мерекені тойлаудың креативті тұстарын қарастыруымыз қажет.

Біз қазір қарыштап дамып, күн сайын өзгеріп жатқан қоғамда өмір сүрудеміз. Мәселен, америкалық отбасылар бұл күнді асыға күтеді. Өйткені, отбасылық іс-шараларға көп көңіл

бөлінеді. Бауырлас Түрік елі барлық жерге туларын іліп, мерекелік көңіл күйді ерекше сезінеді. Көп елдерде әскери шерулер өтеді.

Еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін атмосферасын сезініп, Республика күнін жыл сайын асыға күтетін деңгейге жетсек, керемет емес пе?!

Ерекше креативті дүниелер арқылы қоғамды қызықтырып, сол идеялармен ұлттық идеологияны, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуіміз керек. Республика күнінің ұлтымыз үшін һәм болашағымыз үшін қандай маңызды екенін өскелең ұрпаққа жеткізе білу керек деп ойлаймын».

«Тәуелсіздік пен даму символы»

«Республика күні – Қазақстан үшін тек тарихи ғана дата емес, сонымен қатар, ұлттық тәуелсіздік пен мемлекеттік дамудың символы. Бұл мереке ұрпақтан-ұрпаққа егемендіктің қадірін түсіндіріп, елдің бірлігін сақтауға үндейтін ұлттық бірегейлікті нығайтып, тәуелсіздікті қастерлеу жолындағы маңызды мереке болып қана бермек. Дегенмен жастардың Республика күніне деген көзқарасы алуан түрлі. Кейбірі бұл күннің тарихи маңыздылығын терең түсініп, патриоттық рухты сезінсе, басқалары үшін бұл тек мерекелік іс-шаралармен байланысты болуы мүмкін.

Республика күнін жастар арасында кеңінен насихаттау үшін тарихи білімді арттыру, патриоттық тәрбиені күшейту және заманауи форматта ұйымдастырылатын іс-шараларды көбейту маңызды. Мысалы, «Егемендік жолымен» интерактивті тарихи саяхат – еліміздің тәуелсіздікке жету жолындағы маңызды оқиғалар көрсетілетін интерактивті көрме ұйымдастыруға болады. Арнайы технологиялар арқылы виртуалды шындық (VR) көзілдіріктерін пайдаланып, келушілер өткенге саяхат жасап, Қазақстанның тарихи кезеңдерін көзбен көріп, сезіне алады. Әрбір кезеңнің қыр-сырын түсіндіретін ойын түріндегі тапсырмалар қосылса, бұның жастар үшін қызықты әрі тәрбиелік мәні жоғары болары сөзсіз.



Құлыбнай ЖАСАРАЛ,
маркетолог:

Сонымен қатар, Тәуелсіздік туралы заманауи арт-инсталляциялар – қоғамдық орындарда Қазақстанның тәуелсіздік жолын көрсететін үлкен арт-инсталляциялар орнату. Бұл заманауи өнер арқылы тарихты жаңаша көзқа-

распен таныстырып, өнерге жақын жастарды тартуға көмектеседі. Өртүрлі мүсіндер, граффити және жарықтандырылған инсталляциялар арқылы тарихи оқиғаларды визуалды түрде әсерлі етіп көрсетуге болады.

Ұлттық стартаптар мен инновациялар байқауы – Республика күні тек тарихқа ғана емес, елдің болашағына бағытталған мереке болуы керек. Сондықтан, инновациялық стартаптарды қолдайтын байқау немесе көрме ұйымдастыруға болады. Жас кәсіпкерлер мен ғалымдар өздерінің Қазақстанның дамуына қосатын үлестерін көрсетіп, озық идеяларын ұсына алады. Бұл елдің болашағы мен дамуына үлкен мотивация берері анық. Осындай креативті іс-шаралар Республика күнін тек тарихи дата ретінде емес, ұлттық сана мен болашаққа сенім арту күніне айналдыруға көмектеседі. Осылайша, Республика күнін заманауи түрде тойлау жаңа буынға қызықты, ел болашағына бағытталған әрі рухани құндылықтарды сақтайтын мерекеге айналады деген ойдамын.

«Мереке мәнін ашатын ақпараттық кеңістік құру қажет»



Ардана МЫРЗАНОВА,
Қарағанды облысы фронт-офис волонтерлер жетекшісі:

«Қазір барлық ақпарат әлеуметтік желілер арқылы тез тарайтынын білеміз. Сондықтан, жастарды тарту және осы мерекеде бірыңғай ақпараттық кеңістік құру үшін әлеуметтік желілерді белсенді пайдалануымыз керек.

Қазақстан тарихындағы негізгі оқиғаларға арнайы режиссерді тарта отырып, қалалық квесттерді ұйымдастыру қажет. Қатысушылар жұмбақтарды шешу және ол тапсырмаларды орындау арқылы өз елдері туралы көбірек біле алады.

Форумдарды жиі өткізсе, игі. Өйткені, ашық ойлы жастар өзекті мәселелерді талқылап, бірлескен шешімдер әзірлей алады. Сондай-ақ, еліміз туралы патриоттық фильмдер мен деректі картиналардың кино көрсетілімдерін өткізуге болады.

Ұлттық қадесийлер дайындау, дәстүр-

лі тағамдар дайындау және халық шығармашылығының басқа да түрлері бойынша шеберлік сыныптарын ұйымдастыру да өз кезегінде маңызды.

Жастарға ұрпақ сабақтастығының маңыздылығын көрсету үшін спорт және еңбек ардагерлерін спорттық іс-шараларға тартқан жөн деп есептейміз.

Волонтерлердің басшысы ретінде қала көшелерін абақтандыруға, ардагерлер мен халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына көмек көрсетуге бағытталған ауқымды волонтерлік марафонды іске қосуды ұсынамын деймін. Бұл жастарға өздерінің маңыздылығын және ортақ іске қатыстылығын сезінуге мүмкіндік береді».

Сауалнаманы жүргізген
Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ТАҒЫМ

Жақсылардың жалғасы еді...

Пешенесіне жазылған биігінен аласармайтын бірегей бітімді адамдар болады. Өзгерген заман, зулаған уақыт олардың ары мен абыройына шаң жұқтырмайды, беделіне нұқсан келтірмейді. Олар тамырын терең тартқан бәйтеректердей елімен, жерімен біте қайнасып, қай кезде де еңбегін халқына арнап, адал ғұмыр кешеді. Іші толы қазына бола тұра, қашан болмасын кішік қарапайымдылығынан жазбас, байсал да байырқалы қалпынан танбас, ақыл-парасаты өнеге шашқан, Нұраның керегі асыл азаматтарының бірі – Серік Әкімбеков ағамыз еді.



1936 жылы Нұра ауданының Киевка кентінде дүниеге келген ағамыздың сәбилік шағы соғыс өртімен шарпылды. Дүние есігін жаңадан ашқан өзі сияқты талай балаларды өмір ертерек есейтті. Олар ойын баласы да бола алмады.

Бірақ, ол заманның балалары білімге құштар еді. Мектеп табалдырығын Киевка кентінде атағанымен, орта мектепті, сол кезде Степлаг прокуроры қызметін атқарып жүрген ағасы Зада Қажыбектовтің қолында Жезқазған қаласында бітірді.

Орта мектепті бітірген жасөспірім білім қуып Украинаның Львов қаласындағы Сауда экономикалық институтының экономика факультетіне оқуға түсіп, оны ойдағыдай аяқтап, елге оралады. Еңбек жолын Қарағанды облысының кооперациясында экономист болып бастап, одан соң Қарағанды педагогикалық институтының саяси-экономика кафедрасында аға оқытушы болып жалғастырды. Тәжірибе жинаған жас маман Қарағанды кооператив институтына қызметке шақырылды, сол оқу орнында Серік Әкімбеков ұзақ жылдар жемісті еңбек етті. Ғылымның шырқау биігіне жететін өмір жақсы оңай емес. Ол таудай талап пен талпынудың, дамылыс ізденудің, табанды еңбектің қиын-қыстау жолы.

Білімін тереңдетіп Г.Плеханов атындағы Мәскеу халық шаруашылығы институтында, одан соң Ф.Энгельс атындағы Ленинград сауда институтының аспирантурасында оқыды.

1979 жылы Киев сауда-экономика институтында экономика ғылымдарының кандидаттығына диссертация қорғап, экономика білімдерінің кандидаты атағына ие болды. Ғылым жолы – ауыр жол. Ғалым болу – ол бір затты қопарып тастап, жаңалық ашу емес. Ізденісінді қорытып, соны пайдаға жаратып, білгенінді әрі қарай дамыту. Бұл маңдай тер, адал еңбек көп ізденістің жемісі еді. Елге еткен қызметі мен ұрпаққа үлгі ұстадығы, ғылымға деген адалдығы, парасаттығы бір адамның басынан табыла бермейтін ерекше қасиеттері оған тәңірдің берген сыйы, ұрпақ үшін үлкен өнеге.

1966 жылы институтта жаңа факультет ашылды, оның алғашқы деканы болып Серік Әкімбеков тағайындалды. Осы аралықта оның жоғары ұйымдастырушылық қабілеті, шығармашылығы, ерлік білімі айқын көрініс тапты, факультеттің ғылыми дамуына, оның материалдық-техникалық базасын нығайтуға барынша күш жұмсады. Студенттердің өміріне қатысты мәселелер оң

шешімін тапты, олардың сапалы білім алуына барлық жағдай жасалынды, әріптестерімен жақсы қарым-қатынас орната алды, қоғамда беделі нығайды. Ол өз ісіне адал, барынша берілген маман еді. Ұстаздықты ғылыми қызметпен тіміді ұштастыра білді. Көптеген ғылыми-зерттеулер жүргізіп, ғылыми дереккөздерде мақалалар жариялады.

Қазақстан Тұтынушылар одағы Қарағанды экономикалық университетінің 40 жылдық мерейтойына орай, осы оқу орнына сіңірген еңбегі лайықты бағаланып, Серік Әкімбекулының атымен арнайы дәрісхана ашылған.

1993 жылы Алматыдағы Абай атындағы университет профессоры, 2000 жылы профессор атанды, сол жылы Тұрар Рысқұлов атындағы экономика университетінің кафедра профессоры болып ұстаздық етті. Қазақ бөлімінде оқитын студенттерге арнап «Экономикалық теория» атты ауқымды оқулық әзірлеп шығарды.

Күнделікті өмірде өзінің өте жарқын мінезін, дархан көңілінің арқасында туған-туыс, ағайынның арасында, ол – өте қарапайым, елгезек жан болатын. Өзінің туып-өскен, жағасында ойнамаған, суына шомылған Нұрасын ерекше жақсы көретін. Оның туған-туысқа, ел азаматтарына деген қарым-қатынасы өте ерекше болатын. Ойыма «жақынды жаттай сыйла, жат жанынан түңілісін» деген нақыл оралды. Сірә, жақының қадір тұту, айналасындағылардың тек қана жақсылығын көре білу, өзі де қамқорлық жасауға ұмтылу – отбасынан алған темірқазық тәрбиенің әсері. Жұбайы Бағила Ниязбекқызымен бес бала тәрбиелеп жеткізді, бәріне жоғары білім берді, бүгінде қыздары қияда, ұлы Ержан ұяда – шаңырақ иесі, ордалы отбасы.

Өмірінде маңайындағыларға жақсылық шұағын шашып, алысты да, жақынды да бауырына тарта білетін, жүрегі кең, мейірімді мол, өз өмірінде артында адал еңбегімен, жақсы атымен өшпес із қалдырған Серік Әкімбекулы жайлы бір үзін сыр осындай. Мұндай адамдар есімі өздері бақи дүниеге аттанғанымен, ел жадынан өшпейді, ұрпақтан ұрпаққа жетеді.

Бикен АХМЕТОВА,
Қазақстанның Күрметті журналисі

№345

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» объявляет о продаже доли в УК 3,235 % участников КТ.

Участники Кредитного товарищества пользуются преимущественным перед третьими лицами правом покупки доли или ее части при ее продаже кем-либо из участников. Обращаться по адресу: г. Караганда, ул. Сатыбалдина, д.29/2, офис №1, тел. 8 7212 397412, 87003363739

№285

Қарағанды Шинсервис

Арнайы диллер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

ШИНАЛАР

- жеңілдетілген үлгілер үшін
- жеңілдетілген үлгілер үшін
- тракторлар және ауылшаруашылығы техникалары үшін
- арнайы техникалар үшін

ЕБ АРҒАН ШИНАЛАР
САТПАЙМЫЗ,
ЕБ АРҒАНДҒА БАҒАҒА
САТАМЫЗ

Қарағанды қ., қойма: Асфальттық көш., 22, дүкен: Бытовое көш., 14/1
тел. 8 707 80 35 800

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексін, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

д

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны



Электрондық
пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Футбол алаңы жанданды

Балқаштағы «Металлург» стадионға жасалған жөндеу жұмыстары аяқталды. Жасанды көгал жабындылары ауыстырылып, орындықтарды қалпына келтіру және тағы басқа жөндеу жұмыстары жүргізілген футбол алаңының ресми ашылуы болды. Салтанатты шараға қала басшысы Сапар Сатаев, Қазақстан футбол федерациясының президенті Әділет Барменқұлов пен белгілі футболшы, футболдан Қазақстан ұлттық құрамасының экс-капитаны Самат Смаков қатысты.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Барлық халықаралық стандарттарға сай жаңа футбол алаңы Қазақстан футбол федерациясының бастамасымен, сондай-ақ, республикалық «ALAN» жобасы аясында жүзеге асырылуда. «ALAN» жобасы аясында 2023-2025 жылдар аралығында республика бойынша 20

футбол алаңын жаңғырту жоспарланған. Осыған дейін, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Петропавл, Өскемен, Аягөз, Ақсу қалаларында және Жетісу өңірінде пайдалануға берілген. Футбол алаңының келесі ашылуы Жезқазғанда жоспарлануда. Бұл туралы Қазақстан футбол федерациясының президенті Әділет Барменқұлов құттықтау сөзінде айтып өтті.



– Өздеріңіз күзгер болған футбол алаңындағы жөндеу жұмыстары жазда басталған. Жаңа жасанды көгалдар Италияда жасалған. Қалыңдығы 6 сантиметр, УЕФА стандарттарына сай. Заманауи спорт инфрақұрылымын құру арқылы футболды дамыту өте маңызды. Футболдың дамуы үшін балаларға жағдай жасау керек, – делі Әділет Барменқұлов.

Салтанатты шараның соңы жас футболшылардың жолдастық кездесуіне ұласты. Сонымен қатар, ойын алаңына шыққан спортшылар, футболдан Қазақстанның алты дүркін чемпионы Самат Смаковтың қолтаңбасын алды.

Қазақстан футбол федерациясы мен жоба демеушілері атынан

сыйлықтар табыс етілді.

– Балқаш қаласына өте жақсы футбол жабығы төселді. Менің ойымша, балалар мұнда тек ойнап қана қоймай, өздерін жетілдіреді. Алдағы уақытта Балқаш қаласынан Қазақстан құрамасының атынан шығып қана қоймай, әлемдік аренада өнер көрсете алатын жұлдыздар шығады. Бәрі де әркімнің өз қолында, – делі жас футболшыларға қолтаңбасын берген Самат Смаков.

Айта кетейік, шағын шаһардағы «Металлург» стадионы мен «Балқаш» спорт клубында 11 спорт секциясы бар, оған 930-ға жуық бала қатысады.

БАЛҚАШ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР, АУКЦИОН !!!

«Банк ЦентрКредит» АҚ

кепіл мүлкін сату бойынша ағылшын әдісімен сауда-саттық өткізеді

Р/н №	Объектінің атауы	Орналасқан жері	Кепіл мүлкінің сипаттамасы	Бастапқы бағасы	Кепілдік 5% жарна	Сауда-саттық өткізілетін күні	Сауда-саттық өткізілетін уақыт
1	Екі бөлмелі пәтер	Қарағанды обл., Теміртау қ., Бауыржан Момышұлы даңғ., 26/1 үй, 75 п.	Жалпы ауданы 42,6 ш.м. құрайтын, соның ішінде тұрғын ауданы 26,9 ш.м., кабат 4(5) кадастрлық нөмері: 09:145:011:062:1:75.	7 910 000 теңге	395 500 теңге	2024 жылғы 4 қараша	12 сағ. 00 мин.

Кепілдік жарна – бастапқы құнның – 5%.
Қадамды ұлғайту – бастапқы құнның – 2%.
Аукционға қатысуға өтінім хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және келесі мекенжай бойынша сауда-саттық өткізілетін күннен бір күн бұрын тоқтатылады: Қарағанды обл., Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 5 үй, «Банк ЦентрКредит» АҚ.
Сатып алу бағасы сауда-саттық өткізілген күннен кейінгі бес банктік күн ішінде ҚР Ұлттық Банкінің ағымдағы бағамы

бойынша теңгемен төленеді.
Сауда-саттық өткізілетін жер – Қарағанды обл., Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров даңғылы, 5 үй, 416 каб., «Банк ЦентрКредит» АҚ.
Сенім білдірілген тұлға – Ақылжан Сырлыбаевич Абдиқаримов.
Аукцион туралы қосымша ақпаратты 8 (7212) 559-120 немесе 8 (701) 464-70-60 телефондары бойынша алуға болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР, АУКЦИОН !!!

«Банк ЦентрКредит» АҚ

кепіл мүлкін сату бойынша голландия әдісімен сауда-саттық өткізеді

Р/н №	Объектінің атауы	Орналасқан жері	Кепіл мүлкінің сипаттамасы	Бастапқы бағасы	Кепілдік 5% жарна	Сауда-саттық өткізілетін күні	Сауда-саттық өткізілетін уақыт
1	Жер учаскесімен тұрғын үй	Қарағанды обл.-сы, Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы ауд., Жәнібеков қ., 66/10 үйі	Жалпы ауданы 670,6 ш.м. құрайтын, жекеменшік жер учаскесімен 0,3545 га.	272 466 562 теңге	13 623 329 теңге	2024 жылғы 4 қараша	15 сағ. 00 мин.

Кепілдік жарна – бастапқы құнның 5%.
Қадамды азайту – бастапқы құнның 2%.
Аукционға қатысуға өтінім хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және келесі мекенжай бойынша сауда-саттық өткізілетін күннен бір күн бұрын тоқтатылады: Қарағанды обл., Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 5 үй, «Банк ЦентрКредит» АҚ.
Сатып алу бағасы сауда-саттық өткізілген күннен кейінгі бес банктік күн ішінде ҚР Ұлттық Банкінің ағымдағы бағамы

бойынша теңгемен төленеді.
Сауда-саттық өткізілетін жер – Қарағанды обл., Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров даңғылы, 5 үй, 416 каб., «Банк ЦентрКредит» АҚ.
Сенім білдірілген тұлға – Ақылжан Сырлыбаевич Абдиқаримов.
Аукцион туралы қосымша ақпаратты 8 (7212) 559-120 немесе 8 (701) 464-70-60 телефондары бойынша алуға болады.

ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!

АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» проводит торги по продаже заложенного имущества по английскому методу

№ п/п	Наименование объекта	Местонахождение	Описание и характеристика заложенного имущества	Стартовая стоимость	Гарантийный взнос 5%	Дата проведения торгов	Время проведения торгов
1	Двухкомнатная квартира	Қарағанды облысы, Теміртау ауданы, Б.Момышұлы, д. 26/1, кв. 75	Общая площадь 42,6 кв.м., в том числе жилая площадью 26,9 кв.м., этаж 4(5), кадастровый номер: 09:145:011:062:1:75.	7 910 000 тенге	395 500 тенге	04 ноября 2024 года	12 ч. 00 м.

Гарантийный взнос – 5% от стартовой стоимости.
Шаг повышения – 2% от стартовой стоимости.
Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу: Карагандинская область, г. Караганда, ул. Алиханова 5 в АО «Банк ЦентрКредит».
Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка РК в течение пяти банковских дней по

сле проведения торгов.
Место проведения торгов – Карагандинская область, г. Караганда, пр. Н.Абдилова, д. 5, каб. 416 в АО «Банк ЦентрКредит».
Доверенное лицо – Абдиқаримов Ақылжан Сырлыбаевич. Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел. 8 (7212) 559-120 или 8 (701) 464-70-60.

№284

ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!

АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» проводит торги по продаже заложенного имущества по голландскому методу

№ п/п	Наименование объекта	Местонахождение	Описание и характеристика заложенного имущества	Стартовая стоимость	Гарантийный взнос 5%	Дата проведения торгов	Время проведения торгов
1	Жилой дом с земельным участком	Қарагандинская область, г. Караганда, район имени Казыбек Би, ул. Жанибекова, д. 66/10	Общая площадь 670,6 кв.м., с правом частной собственности на земельный участок 0,3545 га.	272 466 562 тенге	13 623 329 тенге	04 ноября 2024 г.	15 ч. 00 м.

Гарантийный взнос – 5% от стартовой стоимости.
Шаг понижения – 2% от стартовой стоимости.
Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу: г. Караганда, ул. Алиханова 5 в АО «Банк ЦентрКредит».
Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка РК в течение пяти банковских дней по

сле проведения торгов.
Место проведения торгов – Карагандинская обл., г. Караганда, пр. Н.Абдилова, д. 5, каб. 416 в АО «Банк ЦентрКредит».
Доверенное лицо – Абдиқаримов Ақылжан Сырлыбаевич. Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел. 8 (7212) 559-120 или 8 (701) 464-70-60.

№283

Қарағанды бренді – көпке үлгі

Арқада ұлттық брендтеу мүмкіндіктері кеңейді. Қарағандылық бренд қалыптасып, аймақтың мерейін үстем етуде. Республиканың біраз қалаларына тарайтын географиялық көрсеткіші бар «Қарағанды балмұздағы», «Қарағанды бройлері» брендтері бүгінде ресми тіркелген. Жақын арада тізімді «Теміртау ірімшігі» толықтыруы мүмкін.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Өңірлік брендті тіркеу жергілікті тауар өндірушілердің имиджін арттырады. Тауарларды нарықта ілгерілетуге көмектеседі.

Аймақты нақтылау тауар өндірісіндегі көпжылдық дәстүр. Ол сондай-ақ, тәжірибелер мен дағдылар туралы айтуы мүмкін. Ұлттық брендингті дамыту үшін өнеркәсіптік меншік нысандардың тізбесі «Географиялық көрсеткіш» тармағымен толықтырылды. Бұл құқықтық қорғауды күшейтуге мүмкіндік береді, – деді аймақтағы зияткерлік меншік құқықтары бөлімінің басшысы Әсел Әубәкірова.

Мамандар сөзіне сүйенсек, географиялық көрсеткішті тіркеу үшін өндірістің кем дегенде бір сатысы жүзеге асырылса жеткілікті. Осы орайда облыста «AIZA» ЖШС және «Ақнар» құс фабрикасы брендтерін бірінші болып тіркеген. Өріне, бренд авторлары да өзінің кәсібіне жан-дүниесімен берілген әрі бизнесте өзін сынап көргісі келген көптің біріне ұқсамағаны жақсы. Ең әуелі пайданы емес, ойға алған идеясының жүзеге асуына

білек сыбана кіріскендер өз ісінің жемісін ерте көреді екен.

Айта кеткен жөн, өніміңізді облыстағы ұлттық бренд қатарынан көргіңіз келсе, өтінімді qazpatent.kz сайтында электронды беруге болады. Бұл орайда, барлық сұрақтарға Қарағанды облысының Әділет

департаменті жауап береді.

qazpatent.kz – тың идеялар арқылы ұлт байлығын, мәдени мұрасын ұмыт қалдырмай, өскелең ұрпаққа дәріптеп, нарықта ұлттық трендке айналдырғандарды күтеді.



Суреттер облыс әкімінің сайынан

Жігер барда жасымақ жоқ



Республика күні қарсаңында Париждегі Паралимпиада ойындарында ядро лактырудан қола медаль жеңіп алып, елдің мерейін үстем еткен Дастан Мұқашбековке өңірдің белсенді жастары мерекелік шара ұйымдастырды. Жас буынға рухы мықты тұлғаның үлгісі бола білген азаматқа осылайша құрмет көрсетілді. Шара «Сарыжайлау» кинотеатрында өтті.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Концерттік бағдарламаның алдында Дастан Мұқашбеков жеңіл атлетиканың жанкүйерлерімен әңгімелесіп, журналистерге сұхбат берді. Паралимпиада жүлдегерімен бірге жеке бапкерлері Қазақ КСР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Президенттік көп сайыстан Қазақстан Республикасының спорт шебері Сергей Безгачев пен Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушысы Александр Тиховский де келді. Бұл қатарда облыстық мүгедектер спортына мамандандырылған мектеп директоры Елена Фархутдинова да бар. Сұхбат алаңында «Сарыжайлау» кинотеатрының директоры Саят Әбдіғали модератор болды.

– Құрметті Дастан Мұқашбеков, сіз бұл күнде ел жастарына үлгі болып жүрсіз. Қаншама адам бұл күнде сізбен сұхбаттасып, кездескісі келеді. Ұлтымыз үшін ұлық мейрам Республика күні қарсаңында солардың арманын орындауды жөн көрдік, – деді Саят Әбдіғали.

Сұхбат барысында сауалдар жолданып, жауаптар алынды. «Дастан Мұқашбеков спорттық мансабын жалғастыра ма? Келесі Паралимпиада ойындарына баруға үмітті ме?» Бұл сауал жанкүйерлердің де көкейінде жүргені анық. Спортшы денсаулығы жеткенше ел намысын қорғай беретінін жеткізді.

– Келесі Олимпиада ойындары Лос-Анджелесте өтеді. Сол бәсекеге де баруды мақсат қойдым. Лос-Анджелестен кейін Аустралияға да баруға дәмелімін. Бәрі денсаулыққа байланысты. Күш-қайратым, денсаулығым жараса, соңына дейін барамын. Жоспар көп. Арманым айқын. Келесі жылғы әлем чемпионатында жүлде алуды мұрат етемін, – деді Дастан Мұқашбеков.

Кездесуге қатысқан жастарға да жігер берді спортшы.

– Өмірде небір қиындықтар болады. Солардың бірталайымен бетпе-бет келген адаммын. Бірақ, інілеріме берілмендер дегім келеді. Өмірде әр адамның миссиясы бар. Ешкім мына дүниеге текке келмейді. Денсаулығың, күш-қайратың бар кезде қолдан келгенін бәрін жасау керек, – деді өңір мақтаншысы.

Сұхбаттан кейін қадірменді меймандар кинотеатрдың үлкен залына өтіп, өнерлі жастар ұйымдастырған концерттік бағдарламаны тамашалады. Зал төріне Дастан Мұқашбековтің Байрағымызды желбіреткен суреті ілінді. Спортшыға жастар қошеметпен құрмет көрсетті.

Сурет автордан

• ЖЕКПЕ-ЖЕК

Арқа төріндегі турнир

Қарағанды қаласында алғаш рет еліміздің жетекші лигаларының бірі саналатын Naiza Fighting Championship турнирі өткізді. «Қарағанды Арена» мұз алаңында өткен байрақты бәсекеңің басты жекпе-жегінде Naiza & Fight Nights біріккен белбеуінің иегері Фаниль Рафиков («Ногай») мен ресейлік MMA жұлдызы Мохаммед Хейбати («Парсылық дағыстандық») 73 келі салмақта кездесті. Арқа төріндегі турнирде қазақстандық «Ногайдың» абыройы артып, қарсыласын уақытынан бұрын тізе бүктірді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандылық жекпе-жек спортының жанкүйерлері бұл жарысты көп күткен еді. Сайыс күткеннен де әсерлі, әрі қызыққа толы болды.

– Қарағанды қаласында жарыс өткізу бағығында ойда жүрген еді. Бүгін соған қол жеткізіп, жауынгерлерді Арқаға жинау бұйырған екен. Алғашында «Көрсермен жинала ма?» деген сұрақтар туындаған еді. Себебі, жекпе-жек – өздеріңізге мәлім, ашық аймақты дәріптейтін спорт түрі. Көпшіліктің қан мен сынған, көгерген бет-әлпетке қарауға жүрегі дауаламай жатады. Алайда, қарағандылықтар біз ойлағаннан жоғары нәтиже көрсетті. Қаспадан билеттер таусылса да, ебін тауып, ішке кірген жанкүйерлер қарасы адам таңқалардай-ақ. Орын болмаған соң бәсе-

ке басталғаннан аяғына дейін тік тұрып, соңында тақиясын аспанға атқан орта жастағы жігіт ағаларын көргенде, ішімнен «Ее, байырғы қазақтық қалыбымызда бар екен, жауынгерлік мінез сақталған екен!» деген ойға келдім. Бұл соны емес. Әлі алда Арқа төрінде талай турнир өткіземіз. Мен енді қарағандылық жанкүйерлерді қалай қуантарымды білемін, – деді Naiza лигасының президенті Нұрбек Қарабала.

Кештің атаулы жекпе-жегінің бірі – қарағандылық дзюдо мектебінің түлегі Абылайхан Шаратов пен үндістандық Сағар Кашьяптың кездесуі.

57 келі салмақ дәрежесінде қос бірдей жеңіс бар Абылайхан Шаратовтың алаңға шығысынан-ақ тек жеңісті көкесп келгені бірден аңғарылады. Ал, үндістандықтың жанарында жасу, не қаймығу жоқ. Ол өзінің Отанында жүргендей қы-



зыл ала туын көлбедетіп, алаң төрінде аласұрды. Жекпе-жекке дейін алаң төрінде түрлі акробаттық іс-қимыл көрсетіп, көпшілікті таңқалдырды. Десек те, алаңға Абылайхан шығып, төрт бірдей соққысын төпелеткенде, Сағардың шығарға

үні қалмай бұрышқа тізірлей кеткеніне көпшілік куә болды. Алғашқы раундтың алғашқы секундтары небары 4 соққының

әсері жекпе-жектің тағдырын шешеді деген, тіпті, үндістандықтың да үш ұйықтаса, түсіне кірмегені анық. Осылайша, қарағандылық оғлан жеңісті Отанына сыйлады.

– Осы Абылайхан бауырымның жекпе-жегі үшін арнайы келдім. Жанкүйерлігімді сезді ме, әлде мені шаршамасын деді ме жекпе-жекті ерте аяқтап қойды. Елін қуантты, елімен қатар жеріне абырой әкелді. Жарайсың, бауырым! – деп ағалық тілегін арнады дзюдошы, Олимпиада ойындарының үш дүркін жүлдегері, чемпион Елдос Сметов.

Расында, бұл жекпе-жек бұрынғыларға мүлдем ұқсасма керек. Неге десеңіз, барлығы дерлік уақытынан бұрын ерте аяқталды. Анығы қазақстандық жауынгерлер қарсыластарын қапысын тауып, ерте жеңіске жеткендіктен. Сонымен қатар, 75 келіде сайысқан қарағандылық Сенім Шахин мен бразилиялық жауынгер Матеуса Аврелланың кездесуі де көп күткеннен асып түсті деуге негіз бар. Төрт раундқа жалғасқан жекпе-жекте айқын басымдықпен Сенім жеңіске жетіп, ел мерейін үстем етті.

Сурет автордан

Оқырмандардың назарына!

Газеттің келесі саны 29 қазан, сейсенбі күні шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісулы
ӘБИДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Е. КЕЧЕСБЕКҰЛЫ

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VR00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyq.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 230

№ 120 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқо» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік органында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерік НАРЫН**